

Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім министрлігі

Шерхан Мұртаза атындағы
Халықаралық Тараз университеті



SHERKHAN MURTAZA
UNIVERSITY

Шерхан Мұртаза атындағы
Халықаралық Тараз университетінің
2026-2030 жылдарға арналған
ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ
(Стратегиялық жоспар)

ПРОГРАММА РАЗВИТИЯ
(Стратегический план)
Международного Таразского
университета имени Шерхана Муртазы
на 2026-2030 годы

DEVELOPMENT PROGRAMME
(Strategic Plan)
of Sherkhan Murtaza
International Taraz University
For 2026-2030

Тараз – 2025

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Университеттің Ғылыми
кеңесінде бекітілді (№5 хаттама,
24 желтоқсан 2025 жыл)**

**ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ 2026-2030 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН
ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ
(СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАР)**

Тараз, 2025 ж.

Мартыны

Кіріспе 3

1-бөлім. Бағдарламаның төлқұжаты	5
2-бөлім. Сыртқы ортаны және ағымдағы жағдайды талдау	7
3-бөлім. Ішкі ортаны талдау	12
4-бөлім. Ұйымның миссиясы, келешегі, құндылықтары мен даму перспективалары.....	27
5-бөлім. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, нысаналы индикаторлар және оларға қол жеткізу міндеттері.....	28
6-бөлім. Тәуекелдерді басқару және бағалау критерийлері.....	32
7-бөлім. Күтілетін нәтижелер	45

КІРІСПЕ

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің (Sherkhan Murtaza University) Даму бағдарламасы жоғары білім және ғылым саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру аясында әзірленіп, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 Қаулысымен бекітілген *Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының* ережелеріне,

сондай-ақ Тұрақты даму мақсаттарының (ТДМ) төмендегі басым бағыттарына толық сәйкес келеді:

- ТДМ 4 – Сапалы білім;
- ТДМ 8 – Лайықты еңбек және экономикалық өсу;
- ТДМ 9 – Индустрияландыру, инновациялар және инфрақұрылым;
- ТДМ 13 – Климаттың өзгеруіне қарсы күрес;
- ТДМ 17 – Тұрақты даму мүддесіндегі әріптестік.

Sherkhan Murtaza University – 2008 жылдан бастау алатын жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы. Бүгінгі таңда университет академиялық, ғылыми-зерттеу және инфрақұрылымдық даму әлеуеті жоғары, көпбейінді, инновациялық бағыттағы ғылыми-білім беру орталығы ретінде қалыптасқан. Университет өзін тұрақты даму мақсаттарын, жасыл ауысу үдерістері мен цифрлық трансформацияны қоса алғанда, жаһандық және ұлттық міндеттерге бейімделе алатын заманауи білім беру мекемесі ретінде айқындайды.

Университеттің институционалдық қалыптасу кезеңдері төмендегідей:

- Тараз гуманитарлық-инновациялық институтының (2008) университет (2009) болып қайта құрылуы;
- Халықаралық Тараз инновациялық институты мәртебесінде қайта тіркелуі (2021);
- Шерхан Мұртаза есімінің берілуі (2022);
- Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті мәртебесінде қайта тіркелуі (2024).

Қазіргі уақытта Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті 2025 жылғы 26 ақпанда берілген № KZ65LAM00001066 мемлекеттік лицензия негізінде білім беру қызметін жүзеге асырады.

Жоғары білім беру моделінің трансформациясы мен жаһандық бәсекелестіктің күшеюі жағдайында **Sherkhan Murtaza University** кәсіпкерлік типтегі халықаралық университеттің **орнықты моделін қалыптастыруға бағытталған институционалдық дамудың стратегиялық бағытын іске асыруда мына төмендегі міндеттерді қамтиды:**

- білім, ғылым және бизнестің интеграциясын қамтамасыз ету;
- халықаралық әріптестікті дамыту;
- білім беру қызметтерінің экспортын кеңейту;
- инновациялық кәсіпкерліктің экожүйесін қалыптастыру.

Университетте **Жамбыл облысының агроөнеркәсіптік секторын** ғылыми-білім беру тұрғысынан қамтамасыз етуге бағытталған, орнықтылық пен «жасыл» технологияларға басымдық беретін **инновациялық аграрлық кластерді** дамытуға ерекше назар аударылады (ТДМ 2, ТДМ 12 және ТДМ 13). Университет **«ауыл шаруашылығын ақылмен басқару», биотехнологиялар және аквамәдениет** салаларындағы шешімдерді енгізуге арналған платформаға айналып, жергілікті бизнес құрылымдарымен және мемлекеттік құрылымдармен тығыз ынтымақтастық орнатуда.

Sherkhan Murtaza University Даму бағдарламасын іске асыру арқылы келесі нәтижелерге қол жеткізуді көздейді:

- халықаралық ғылыми-білім беру кеңістігіне ену;
- цифрлық және кәсіпкерлік экожүйені дамыту;
- академиялық бәсекеге қабілеттілікті арттыру;
- кадрлық әлеует пен инфрақұрылымды дамыту;
- өңірдің және жалпы елдің орнықты дамуына университеттің үлесін кеңейту.

Осылайша, бағдарлама орнықтылық, жауапкершілік және ашықтық қағидаттарына негізделе отырып, **Sherkhan Murtaza University** орнықты даму саласындағы ұлттық стратегиялық бастамалар мен жаһандық күн тәртібін іске асырудың белсенді қатысушысы ретінде айқындалады.

1-БӨЛІМ. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ

Атауы	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің 2026–2030 жылдарға арналған Даму бағдарламасы (Стратегиялық жоспары)
Бағдарламаны әзірлеуге негіздеме	<p>– Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан–2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы;</p> <p>– «Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 611 Жарлығы;</p> <p>– Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы «Қазақстан Республикасының 2022–2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» № 802 Жарлығы;</p> <p>– Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы;</p> <p>– Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңы;</p> <p>– Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V Кәсіпкерлік кодексі;</p> <p>– Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы «Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған Тұжырымдамасын бекіту туралы» №248 қаулысы;</p> <p>– Жамбыл облысындағы кадрларға деген қажеттіліктің аймақтық картасы.</p>
Іске асыру мерзімдері:	2026 жылғы 1 қаңтардан 2030 жылғы 31 желтоқсанға дейін
Қайта қарау мерзімдері	Жыл сайын
Мақсаты	Орталық Азияның жетекші университеттері қатарына қосылуға ұмтылу, дарындар, инновациялар және халықаралық ынтымақтастық үшін тартымды орталыққа айналу.
Стратегиялық бағыттар мен міндеттер	<p>Стратегиялық бағыттар</p> <p>Стратегиялық бағыт 1. «Академиялық және кәсіби даму»</p> <p>Стратегиялық бағыт 2. «Ғылымды дамыту және халықаралық ынтымақтастық»</p> <p>Стратегиялық бағыт 3. «Университеттің үшінші миссиясын жүзеге асыру»</p> <p>Стратегиялық бағыт 4. «Институционалдық даму және кадрлық әлеуетті арттыру»</p>

	Стратегиялық бағыт 5. «Цифрлық трансформация»
Қаржыландыру көздері	<p>1.Қазақстан Республикасының бюджеттік қаражаттары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің мемлекеттік білім гранты бойынша; - гранттық және бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру бойынша; - коммерцияландырудың гранттық бағдарламалары бойынша. <p>2.Бюджеттен тыс қаржыландыру:</p> <ul style="list-style-type: none"> - мемлекеттік-жеке серіктестік қаражаттары - ұйымдар, кәсіпорындар мен мекемелермен жасалған келісімшарттар бойынша түскен қаражаттар; - халықаралық ғылыми және білім беру қорлары мен ұйымдары бөлген қаражаттар; - білім беру қызметтерін көрсету келісімдері бойынша жеке тұлғалардан түскен табыс; - құрылтайшылардың қаражаттары; - эндаумент қорының дивидендтері.

2020–2025 жылдар аралығы ұлттық және аймақтық жоғары білім беру жүйелерінің жаһандық сын-қатер – COVID-19 пандемиясы әсерінен терең трансформациялануымен, жеделдетілген цифрландыру, тұрақты даму мен түлектердің технологиялық құзыреттеріне қойылатын талаптардың өсуімен **сипатталады.** Қазақстанның жоғары білім беру жүйесі оқу формаларын әртараптандыруға, практикаға бағытталуды күшейтуге және халықаралық білім беру кеңістігіне интеграциялануға бет алғанын көрсетеді.

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті (бұдан әрі - ХТУ) білім беру мен экономикалық ландшафттың тез өзгеруі жағдайында қызмет атқаруда, бұл білім беру бағдарламаларының икемділігі мен бейімділігін талап етеді. Осы үрдістер аясында ХТУ цифрлық және жасыл экономикаға кадрлар даярлауға, сондай-ақ жастардың кәсіпкерлік және басқарушылық құзыреттерін дамытуға бағытталған аймақтың ірі жеке университеті ретінде өз позицияларын нығайтып келеді.

Кесте 1 –Жамбыл облысындағы жоғары оқу орындарының динамикасы

Көрсеткіштер атауы	2020	2021	2022	2023	2024	2025
ЖОО жалпы саны	2	2	2	2	2	3
Мемлекеттік меншікте	1	1	1	1	1	2
Жеке меншікте	1	1	1	1	1	1

Жамбыл облысында білім беру қызметтеріне сұраныс жастар тарапынан, әсіресе ақпараттық технологиялар, инженерлік және экологиялық ғылымдар саласындағы білім беру бағдарламаларына тұрақты қызығушылықты көрсетеді. Бұл бағыттар экономикадағы цифрландыру мен тұрақты даму саласындағы жаһандық сын-қатерлер контекстінде ерекше тартымдылыққа ие болып отыр.

COVID-19 пандемиясы (2020–2021 жж.) білім беру кеңістігінің трансформациясын жеделдетіп, қашықтан, гибридтік және жеке бейімделген оқыту бағыттарын күшейтті. ЖОО желісінің кеңеюі бәсекелестікті арттыра отырып, ХТУ-дан білім сапасын, брендинг пен цифрлық инновацияларды дамытуда белсенді стратегиялық позицияны талап етеді.

Экономикалық қиындықтарға қарамастан, 2020 жылы студенттік контингент жоғары деңгейде болды, алайда кейінгі жылдары аймақтағы ЖОО студенттерінің жалпы санының тұрақты төмендеуі байқалады. Төмендеудің негізгі факторлары:

- мектеп түлектерінің мегаполистердегі (Астана, Алматы) ЖОО-ларға миграциясы;
- аймақтық білім беру жүйесінің құрылымдық трансформациясы;
- икемді оқу форматтарын ұсынатын шетелдік университеттер тарапынан бәсекелестіктің күшеюі.

Соған қарамастан, 2025 жылы Жамбыл облысындағы жоғары білім беру мекемелерінде оқитын студенттер контингентінің күрт өсуі байқалады.

Кесте 2 – Жамбыл облысындағы оқитын студенттер контингентінің динамикасы

Көрсеткіштер атауы	2020	2021	2022	2023	2024	2025
Жамбыл облысы ЖОО-да оқитын білім алушылардың жалпы контингенті	24427	21010	19356	19483	16734	24521
Мемлекеттік ЖОО:	19081	15409	13705	13219	10861	15673
М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	19081	15409	13705	13219	10861	13624
Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университеті	-	-	-	-	-	2049
Жекеменшік ЖОО («Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті» мекемесі»)	5346	5601	5651	6264	5873	8848

ХТУ студенттерінің жекеменшік сектордағы үлесі жалпы контингентте артып келеді, бұл университеттің өңірлік білім беру нарығындағы позициясының нығайғандығын көрсетеді. Цифрлық білім беру технологияларын жүйелі дамыту және аймақтық академиялық

кластерлерді күшейту (мысалы, аграрлық салада) Жамбыл облысындағы ЖОО-лардың тартымдылығын арттырудың негізгі құралына айналуы мүмкін.

2020–2024 жылдар аралығында жоғары білім алған экономикалық белсенді тұрғындар үлесінің тұрақты өсуі байқалады. Бұл өңірдің кадрлық әлеуетінің, әсіресе цифрландыру және инновациялармен байланысты салаларда, нығаюын көрсететін оң динамика болып табылады.

Кесте 3 – Жамбыл облысының экономикалық белсенді тұрғындарының жоғары біліммен қамтылу деңгейі

Көрсеткіштер атауы	2020	2021	2022	2023	2024
Жамбыл облысының экономикалық белсенді халқы (мың адам)	740,3	749,2	755,1	764,4	770,6
Жоғары білімі бар (мың адам)	222,4	230,1	238,7	245,9	253,0
Экономикалық белсенді тұрғындардың жоғары біліммен қамтылу деңгейі (%)	30,05	30,74	31,60	32,14	32,87

Бұл көрсеткіш өңірдегі білікті кадрлардың санының өсуіндегі оң динамиканы растайды. Жамбыл облысы агроөнеркәсіптік кешен, химиялық өнеркәсіп, логистика және IT саласындағы мамандарға тұрақты сұранысты көрсетеді.

Кесте 4 – Өңірдің кадрларға мақсатты қажеттіліктері

Сала	Қажеттілік	Қажеттілік тренді 2020–2024
АӨК – Агроөнеркәсіптік кешен	Жоғары	Тұрақты жоғары
Химия өнеркәсібі	Орташа	Өсуде
Логистика және транспорт	Орташа	Орташа өсу
IT және цифрландыру	Жоғары	Күрт өсу
Білім беру	Орташа	Мемлекеттік гранттар бойынша өсу

Білім беру секторы Жамбыл облысының экономикалық өсуіне айтарлықтай ықпалын жалғастыруда. Әсіресе, оның үлесі жоғары технологиялық және экологиялық тұрақты салаларды дамытуда маңызды, бұл салалар ел деңгейіндегі стратегиялық жоспарлар аясында қарқынды дамып келеді.

Кесте 5 – Білім беру саласының Жамбыл облысының экономикалық өсуіне қосқан үлесі

Көрсеткіштер атауы	2020	2021	2022	2023	2024
Жалпы аймақтық өнім (ЖАО), млн. теңге	3120136,9	3625286,4	3980115,3	4200300,5	4435112,8
Білім беру бюджеті (жалпы), млн. теңге	75 205,7	82 500,9	89 320,4	94 500,7	98 730,1
Білім беру саласының экономикалық өсуге қосқан үлесі %	2,5	2,7	2,9	3,0	3,1

Білім беру саласының экономикалық өсуге үлесі артып келеді, әсіресе жаңа салаларға мамандар даярлау арқылы өңірдің орнықты дамуын қамтамасыз етуге ықпал етеді. Алдағы уақытта **Sherkhan Murtaza University** білім беру бағдарламаларын цифрлық және жасыл экономика талаптарына бейімдеуге мәжбүр болады. Аймақ университеттерінің экологиялық таза технологиялар, тұрақты даму және инновациялық салалар бойынша бағдарламаларды дамытуға бағытталуы күтілуде.

Жамбыл облысының университеттері үшін 2026–2030 жылдарға арналған болжамдар:

- гибридік модель (онлайн және офлайн форматтарының үйлесімі) бойынша оқитын студенттердің санын ұлғайту;
- әлемдік және аймақтық трендтерді ескере отырып, тұрақты даму және экологияға байланысты бағдарламаларға сұранысты өсіру;
- білім беру қызметтерінің жаңа форматтарын (курстар, сертификаттық бағдарламалар, арнайы шеберлік сыныптары) дамыту.

Осылайша, 2020–2025 жылдар аралығындағы деректер Жамбыл облысында жоғары білім алуға деген қызығушылықтың тұрақты түрде артып келе жатқанын, сондай-ақ білім беру саласының өңірлік экономиканың дамуына қосып отырған үлесінің ұлғайғанын көрсетеді.

Sherkhan Murtaza University орнықты даму траекториясын сақтай отырып, Оңтүстік Қазақстандағы жетекші жоғары білім беру орталықтарының бірі ретіндегі рөлін нығайтуда. Дамудың теңгерімді стратегиясы, мемлекеттің қолдауы және практикаға бағдарланған білім беру бағдарламаларының күшеюі университеттің өңірлік экономика үшін білікті кадрлар даярлаудағы маңыздылығын айқындайды.

СЫРТҚЫ ОРТАНЫ ТАЛДАУ (PESTEL-талдау)

- Саяси факторлар (P – Political):

1) Білім беру саласына мемлекеттік қолдау көрсету. ҚР мемлекеттік саясаты шеңберінде университеттер академиялық әлеуетті, инновациялық инфрақұрылымды дамытуға және экономиканың басым салалары үшін кадрлар даярлауға мемлекеттік қаржыландыру мен нысаналы гранттар алады.

2) Өңірлік саясаттың нығаюы. Оңтүстік өңірлерді, оның ішінде Жамбыл облысын дамытуға мемлекеттік назардың артуы Sherkhan Murtaza University өңірлік жоғары оқу орны ретіндегі рөлін күшейтуге ықпал етеді.

3) Халықаралық бастамалар. Қазақстан бүгінде жоғары білім беру саласындағы халықаралық бастамаларға белсенді қатысады: біліктілікті тану саласындағы ЮНЕСКО-мен ынтымақтастықты нығайтады (оның ішінде Токио конвенциясын ратификациялау), академиялық ұтқырлық және шетелдік жоғары оқу орындарымен әріптестік бағдарламаларын іске асырады, Erasmus+ жобаларына және басқа да халықаралық білім беру желілеріне қатысады, бұл ұлттық білім жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялануына ықпал етеді.

- Экономикалық факторлар (E – Economic):

1) Оқу ақысының өсуі. Білім беру қызметтері құнының кезең-кезеңімен артуы жоғары білімнің қолжетімділігіне ықпал етуі мүмкін.

2) Өңірлік экономиканың құрылымы. Жамбыл облысында ауыл шаруашылығы мен химия өнеркәсібі жетекші рөл атқарады, бұл тиісті бейіндегі мамандарға деген сұранысты қалыптастырады.

3) Жастар арасындағы жұмыссыздық. Түлектерді жұмыспен қамту мәселесінің өзектілігі практикалық және дуалды оқытуға деген қажеттілікті арттырады.

- Әлеуметтік факторлар (S – Socio-cultural):

1) Жастар миграциясы. Жастардың ірі қалаларға (Алматы, Астана) жаппай кетуі әлеуетті студенттер контингентінің қысқаруына алып келеді.

2) Білім беру сапасына қойылатын талаптардың артуы. Ата-аналар мен студенттер заманауи оқу жағдайларын, халықаралық білім беру бағдарламаларын және нақты мансаптық перспективаларды күтеді.

3) Қазақ тілі рөлінің артуы. Қазақ тілі мен ұлттық мәдениеттің маңыздылығының өсуі оқыту саясатына және университеттің бірегейлігіне ықпал етеді (университеттің Шерхан Мұртаза есімімен аталуы осы үрдісті күшейтеді).

- Технологиялық факторлар (Т – Technological):

1) Білім беру үдерісін цифрландыру. Онлайн және гибриді оқыту форматтарына көшу техникалық базаны жаңартуды талап етеді.

2) EdTech нарығының дамуы. Онлайн-платформалар мен шетелдік университеттер тарапынан бәсекелестіктің күшеюі дәстүрлі жоғары оқу орындарына қатысты қысымды арттырады.

3) Ғылыми инфрақұрылымның қажеттілігі. Заманауи зертханалар мен ғылыми-зерттеу базалары жоғары оқу орындарының негізгі бәсекелестік артықшылықтарына айналуда.

- Экологиялық факторлар (Е – Environmental):

1) Тұрақты даму. Қазақстанда «жасыл» технологияларды дамыту, агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақты дамуы және экологиялық мәселелерге ден қоюдың артуы жоғары оқу орындарынан экологиялық бағыттағы білім беру бағдарламаларын әзірлеуді талап етеді.

2) Өңірлік климаттық сын-қатерлер. Өңірдің ауылшаруашылық ерекшеліктері аквамадениет, экология және агротехнология салаларында білікті мамандар даярлаудың өзектілігін арттырады.

- Құқықтық факторлар (L – Legal):

1) Аккредиттеу саласындағы реформалар. Институционалдық және бағдарламалық аккредиттеудің жаңа стандарттары жоғары оқу орындарынан білім сапасының анағұрлым жоғары талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуді талап етеді.

2) Еңбек заңнамасы. Еңбек және білім беру салаларындағы заңнамалық өзгерістер жоғары оқу орнының кадрлық саясатының тиісті түрде бейімделуіні қажет етеді.

3) Академиялық адалдық саясаты. Антиплагиат, оқытушылардың аттестатталуы мен біліктілігіне қойылатын талаптардың күшеюі әкімшіліктің жүктемесінің артуына ықпал етеді.

Осылайша, Sherkhan Murtaza University кешенді сын-қатерлер жағдайында қызмет атқара отырып, бірқатар бірегей мүмкіндіктерге де ие, олар:

– өңірде білікті кадрларға деген тұрақты сұраныстың болуы;

– цифрландыруды және аграрлық бағыттарды дамытуды қолдауға бағытталған мемлекеттік ынталандыру тетіктерінің мүмкіндіктері;

– халықаралық әріптестік пен дуалды оқыту арқылы даму әлеуетінің жоғары болуы.

Стратегиялық жоспарлау аясында келесі басымдықтарды айқындау қажет:

– IT-инфрақұрылымды дамытуға басымдық беру;

– басым салалар (агроөнеркәсіптік кешен, экология, химия) бойынша практикаға бағытталған білім беру бағдарламаларын кеңейту;

– университеттің қазақ мәдениеті, ғылымы және инновацияларының орталығы ретіндегі өңірлік брендін нығайту.

3-БӨЛІМ. ІШКІ ОРТАНЫ ТАЛДАУ

1. АКАДЕМИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

2025 жылдың соңындағы жағдай бойынша Sherkhan Murtaza University **жоғары білім берудің екі деңгейін – бакалавриат пен магистратураны қамтитын 77 лицензияланған білім беру бағдарламасы бойынша** білім беру қызметін жүзеге асырады.

– **Бакалавриат 17 даярлау бағытын қамтитын 53 білім беру бағдарламасы** бойынша іске асырылады. Бұл университетке өңірдің дәстүрлі салалық қажеттіліктерін, сондай-ақ цифрлық және «жасыл» экономиканың заманауи сын-қатерлеріне сәйкес келетін академиялық траекториялардың кең ауқымын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

– **Магистратура 9 даярлау бағытын қамтитын 25 білім беру бағдарламасы** бойынша жүзеге асырылады, бұл университеттің ғылыми-зерттеу және кадрлық әлеуетінің тұрақты түрде артып келе жатқанын айғақтайды.

Білім беру бағдарламаларының мұндай құрылымы академиялық траекториялардың икемділігін қамтамасыз етіп, еңбек нарығының талаптарына және халықаралық білім беру стандарттарына бейімделуге жағдай жасайды. Сонымен қатар университет практикаға бағдарланған және пәнаралық әдістерді белсенді дамытып келеді, бұл бизнес құрылымдарымен, мемлекеттік органдармен және ғылыми орталықтармен серіктестік байланыстардың нығаюында көрініс табады.

2024 жылы университетте келесі білім беру бағдарламалары ашылды:

- «Орман шаруашылығы» жаңа даярлау бағыты және «Орман шаруашылығы–экология» білім беру бағдарламасы;
- педагогикалық бағыттағы 13 инновациялық білім беру бағдарламасы;
- магистратура деңгейіндегі «Көркем еңбек және жобалау», «Дене шынықтыру және спорт» жаңа білім беру бағдарламалары;
- «Қаржылық әкімшілендіру» MBA бағдарламасы.

2025 жылы «Денсаулық сақтау саласындағы менеджмент» EMBA бірлескен білім беру бағдарламасы (СОП) іске қосылды.

Университеттің халықаралық мәртебесі бакалавриат деңгейіндегі «Компьютерлік ғылымдар» инновациялық бірлескен білім беру бағдарламасы (Черноризец Храбр атындағы Варна еркін университеті) және «Денсаулық сақтау саласындағы менеджмент» EMBA бірлескен бағдарламасы (Швейцария технологиялар және кәсіпкерлік институты) арқылы расталады.

Барлық білім беру бағдарламалары Ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБШ), Өңірлік біліктілік шеңбері (ӨБШ), кәсіби стандарттар, Жаңа мамандықтар атласы, сондай-ақ Жамбыл облысының кадрларға қажеттілік жөніндегі өңірлік картасы негізінде өзектендірілді және білім алушылар бойында еңбек нарығында сұранысқа ие құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған.

Оқу үдерісіне цифрлық технологияларды интеграциялауға ерекше назар аударылады. Университет Coursera, HUAWEI және CISCO сияқты онлайн-курстар мен ашық білім беру платформаларын белсенді түрде пайдаланады. 2023–2025 жылдар аралығында профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушылар қосымша цифрлық құзыреттерді меңгергенін растайтын 500-ден астам сертификатқа ие болды. Формалды емес білім беруді тану аясында 65 пән бойынша 1000 академиялық кредит берілді. Бұл университетке студенттердің жеке білім беру траекторияларын қалыптастыруда икемді тәсіл қолдануға мүмкіндік беріп, олардың дәстүрлі аудиториялардан тыс контентті меңгеру мүмкіндіктерін кеңейтеді. Сонымен қатар цифрлық оқытуға жеткілікті деңгейде тартылмаған факультеттер мен білім алушылар санаттары сақталуда, бұл басқарушылық және уәждемелік шешімдерді қабылдауды талап етеді.

Университет өңір колледждерімен білім беру бағдарламаларын үйлестіру және сәйкестендіру бағытында жүйелі жұмыс жүргізуде, бұл бұрын алынған білімді тануға мүмкіндік беріп, техникалық және кәсіптік білім (ТЖКБ) базасында оқыту мерзімін екі жылға дейін қысқартуға жағдай жасайды. Нәтижесінде студенттердің жоғары білім алуға көшуі анағұрлым жедел әрі тиімді жүзеге асырылады. Тараз политехникалық колледжімен жасалған келісім аясында 2024–2025 оқу жылында оқу мерзімі 2 жыл болатын 6B04201 – «Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша студенттер қабылданды. Сонымен қатар даярлаудың үш бағыты бойынша (АКТ, Ветеринария, Құқықтану) тағы үш колледжбен шарттар жасалды.

2024–2025 оқу жылында өндірістік практика жүйесін, оқытушылардың портфолиосы мен КРІ көрсеткіштерін қоса алғанда, негізгі академиялық модульдер автоматтандырылды. IGPA жүйесін енгізу жұмыстары жүргізілуде. Өндірістік практика enbek.kz электрондық еңбек биржасы арқылы ұйымдастырылады, алайда бұл тетік әзірге бағыттардың шектеулі бөлігін, негізінен, ақпараттық технологиялар, шет тілдері және бастауыш білім беру салаларын ғана қамтып отыр. Тиімділікті арттыру үшін өзге салалардағы жұмыс берушілермен ынтымақтастықты кеңейту және барлық факультеттердің студенттерін белсендірек тарту қажет.

Цифрландыру аясында университетте білім алушылардың барлық санаттары мен профессор-оқытушылар құрамы үшін жасанды интеллектінің базалық дағдылары бойынша курстар ұйымдастырылуда. «AI-Sana» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде білім беру және әкімшілік үдерістерге қызмет көрсететін 5 цифрлық ЖИ-агент қалыптастырылуда. Аталған қадамдар университеттің зияткерлік цифрлық инфрақұрылымын қалыптастыруға негіз қалайды.

Қосымша білім беру жүйесі (MINOR) де оң қарқынмен дамуда: ағымдағы жылы студенттерге 21 қосымша білім беру бағдарламасы ұсынылып, олардың 10-ы тұрақты сұранысқа ие. Бұл білім беру кеңістігінде икемді, қолданбалы және пәнаралық траекториялардың жоғары сұраныста екенін айғақтайды.

Жалпы алғанда, университеттің академиялық қызметі академиялық мәдениетті нығайту, цифрлық трансформацияны тереңдету және студентке бағдарланған ортаны қалыптастыру бағытында дамуда. Білім сапасының тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін университетке барлық факультеттердің академиялық бастамаларға теңгерімді қатысуын қамтамасыз ету, студенттер мен оқытушылардың жетістіктерін тану жүйесін күшейту, сондай-ақ қолжетімділік пен тиімділік қағидаттарын ескере отырып цифрлық мүмкіндіктерді кеңейту міндеті тұр.

Sherkhan Murtaza University ұлттық рейтингтерге қатысады. Қазақстан Республикасындағы көпсалалы жоғары оқу орындарының ұлттық рейтингінде университет алғашқы ондыққа кіреді. 2024 жылы «Атамекен» ҰКП ұлттық рейтингінде 9 білім беру бағдарламасы лайықты нәтижелер көрсетті: 6B04104 – «Мемлекеттік және жергілікті басқару» бағдарламасы бойынша 30 бағдарламаның ішінде 9-орын; 6B06103 – «Ақпараттық жүйелер және технологиялар» бағдарламасы бойынша 55 бағдарламаның ішінде 22-орын; 6B04102 – «Есеп және аудит» бағдарламасы бойынша 58 бағдарламаның ішінде 29-орын; 6B04101 – «Экономика» бағдарламасы бойынша 53 бағдарламаның ішінде 34-орын; 6B04201 – «Құқықтану» бағдарламасы бойынша 53 бағдарламаның ішінде 37-орынға ие болды.

Университеттің институционалдық аккредитациясы 2029 жылға дейінгі 5 жыл мерзімге берілген және 63 білім беру бағдарламасы бойынша бағдарламалық аккредитациясы бар. Университет білім беру бағдарламаларын аккредиттеу бойынша жүйелі жұмыс жүргізуде.

Университеттің студенттік контингенті 8 758 адамды құрайды, оның ішінде бакалавриатта – 7 608 студент, магистратурада – 1 150 магистрант.

Кесте 6 – Оқыту формасы мен шарттары бойынша контингент

Жоғары білім деңгейі бойынша контингент	Күндізгі оқыту формасы бойынша контингент					Барлығы
	Орта мектеп базасы бойынша		ТЖКБ базасы бойынша	Жоғары білім беру базасы бойынша		
	Грант ҒЖБМ	Келісім-шарт	Келісім-шарт	Грант ҒЖБМ	Келісім-шарт	
Бакалавриат	254	4466	7	-	1021	7608
Магистратура	-	-	-	30	1120	1150
Барлығы	254	4466	7	30	2141	8758

Қазіргі таңда университетте грант негізінде оқитын студенттердің контингенті – 365 адам, оның ішінде 261 студент – мемлекеттік білім беру грантын алады; 11 студент – ЖАО грантын алады; 37 студент – «Қазақстан халқы» қорының стипендиаттары; 26 студент – кәсіпорындардың гранттарына ие; 30 магистрант – мемлекеттік грант негізінде оқиды. Бұл мемлекет пен мүдделі ұйымдардың университетке сенімінің жоғары деңгейін, сондай-ақ конкурс негізінде студенттерді тарту бағытындағы белсенді саясатын көрсетеді. Сонымен қатар, студенттерді ынталандыру жүйесі әлі де дамытуды қажет етеді – Президенттік стипендияға 2023–2024 оқу жылында 1 студент және 2024–2025 оқу жылында 1 студент қана ие болды.

2024–2025 оқу жылында Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің академиялық қызметі білім сапасына, студенттердің академиялық жетістіктерге тартылуына, цифрлық форматтарды енгізуге және жеке білім беру траекторияларын дамытуға бағытталған оң динамиканы көрсетеді.

Стратегиялық жоспар аясында **Sherkhan Murtaza University** академиялық қызметті нығайту үшін мына іс-шараларды жүзеге асыруы тиіс:

- цифрлық трансформацияны кеңейту және оқытушылар мен студенттердің ЖИ курстарына және онлайн-платформаларға қатысуын қамтамасыз ету;
- формалды емес оқыту түрін тану және трансформациялаудың университеттік жүйесін әзірлеу және академиялық кредиттерге енгізу;
- факультеттердің академиялық бастамалар мен практиканы қамтуын теңгерімді түрде қолдау;
- ұлттық жұмыспен қамту бағдарламалары мен стипендиялық ынталандыру шараларына студенттердің қатысуын арттыру;
- цифрлық КРІ көрсеткіштерінің орындалуын қатаң бақылау және барлық цифрлық процестерді үйлестіре жүргізу.

2. АКАДЕМИЯЛЫҚ ҚҰРАМ: ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕР ЖӘНЕ ӨСУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Sherkhan Murtaza University оқытушылардың кәсіби біліктілігін нығайтуға, профессор-оқытушылар құрамының (ПОҚ) ғылыми-зерттеу мәдениетін қалыптастыруға және инновациялық белсенділігін ынталандыруға бағытталған кадрлық әлеуетті үздіксіз дамыту саясатын жүзеге асырады.

2025 жылғы 1 қыркүйегіне университетте 268 штаттық ПОҚ қызмет атқарады, оның ішінде:

- 13 ғылым докторы
- 19 PhD докторы
- 90 ғылым кандидаты
- 134 магистр.

Кесте 7 – 2025 жылдың 1 қыркүйегіне штаттық қызметкерлердің сандық көрсеткіштерінің категориялары (2025–2026 оқу жылының көрсеткіштері)

Қызметкерлердің категориялары	Саны
Профессор-оқытушылар құрамы	268
Барлығы ПОҚ:	268
Әкімшілік-басқару персоналдары	54
Оқу-тәрбие персоналдары	94
Қызмет көрсету персоналдары	122
Штаттағы қызметкерлер	538
Университеттің қосымша қызметтегі ПОҚ	55
Барлық қызметкерлердің жалпы саны	593

Осылайша, ғылыми дәрежесі мен ғылыми біліктілігі бар оқытушылардың үлесі **46%** құрайды, бұл нормативтік-құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келеді және академиялық сапаны жоғары деңгейде қамтамасыз етуге бағытталған ұмтылысты көрсетеді.

Университет кадрлардың біліктілігін арттыруға жүйелі қадам жасайды:

- оқытушылар жыл сайын жетекші ұлттық және шетелдік білім беру мен ғылыми орталықтарда **біліктілікті арттыру курстарынан** өтеді;

- 2024 жылы **150-ден астам оқытушы** цифрлық технологиялар, жасанды интеллект, педагогикалық дизайн және ағылшын тілі салалары бойынша оқытуға қамтылды.

Университетте **тәлімгерлік бағдарламалар** белсенді енгізіліп, басқарушылық және академиялық лауазымдар үшін **кадрлық резервтер** қалыптастырылуда. **Жас оқытушылар мен ғылыми қызметкерлерді** тартуға ерекше мән беріледі. Жас педагогтарды бейімдеу және қолдау бағдарламасы жүзеге асырылып, олардың ғылыми жобаларға, конкурстарға және гранттарға қатысуына қолдау көрсетіледі. Сондай-ақ, ізденістерін **жариялау белсенділіктерін арттыру** және ПОҚ-ты халықаралық зерттеу желілеріне тарту жұмыстары жүргізілуде.

Университеттің басым бағыттарының бірі халықаралық ынтымақтастықты дамыту және ағылшын тілінде жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларын кеңейту болып табылады. Осы мақсатты іске асыру үшін университетте ағылшын тілі курстары ұйымдастырылған. Оқу нәтижелері бойынша университеттің 8 оқытушысы докторантураға қабылданды (оның ішінде 6-ауы – Болгарияда, 1-еуі – Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-да, 1-еуі – М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінде).

Цифрлық трансформация аясында негізгі HR-процестер автоматтандырылды, атап айтқанда: электрондық портфолио жүргізу, жеке KPI есептеу, оқу жүктемесін басқару. **Оқытушылардың тиімділігін бағалау** нәтижелілік, инновациялық белсенділік және ғылыми-білім беру ортасына тартылу деңгейі көрсеткіштері бойынша жүргізіледі.

Сонымен қатар, университет профессор-оқытушылар құрамын білім берудің жаңа буын бағдарламаларын, оның ішінде MINOR бағдарламалары, пәнаралық және ағылшын тілінде оқытылатын курстарды әзірлеу мен іске асыруға қатысуын ынталандырып отырады.

3. ҒЫЛЫМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асыратын аккредиттелген субъект болып табылады. Университетте ғылыми-зерттеу және ғылыми-өндірістік қызметті жүзеге асыру үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған.

Университеттің 2025 жылға арналған қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу жұмыстары жоспарының негізін төмендегі ғылыми-зерттеу жобалары құрайды:

-Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің тапсырысы бойынша орындалатын ғылыми-зерттеу жұмыстары – 8 ғылыми жоба, жалпы **сомасы 1 337 779 539 теңге** (оның ішінде 2025 жылға – 355 243 289 теңге);

-халықаралық ұйымдардың, сондай-ақ кәсіпорындар мен ұйымдардың тапсырысы бойынша орындалатын ғылыми-зерттеу жұмыстары – 36 жоба, жалпы қаржыландыру көлемі 19 150 000 теңге.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын (ҒЗЖ) орындауға жасалған шарттардың жалпы көлемі 2023 жылмен (212 167 955 теңге) салыстырғанда 2,8 есеге артты.

Қазіргі уақытта университетте 5 ғылыми орталық қызмет атқарады:

- «Аквакультура» ғылыми-өндірістік орталығы;
- Агробиологиялық ғылыми-зерттеу орталығы;
- «Ветеринария және мал шаруашылығы» ғылыми-зерттеу орталығы;
- «Шерхантану» орталығы;
- IT-Academy (HUAWEI / CISCO).

«Аквакультура» ғылыми-өндірістік орталығы 2021 жылы құрылған және бүгінгі күні үш зертханадан тұрады: су биоресурстары зертханасы, қоршаған ортаны экологиялық-талдамалық зерттеу зертханасы және микробиологиялық зертхана. Орталықта он аяқты шаянтәрізділерді ұстау және өсіру кешені жұмыс істейді. Қызмет атқарған кезең ішінде «Аквакультура» ҒӨО бизнес құрылымдардың тапсырысы бойынша 48 млн теңгеден астам сомаға қызметтер көрсетіп, жұмыстар орындады.

Кесте 8 – Сала бойынша кірістер динамикасы

Зерттеу бағыттары	Жыл	Жобалар саны	Қаржыландыру сомасы
Аквакультура	2020	25	955 000 тг
	2021	24	2 750 000 тг
	2022	54	7 500 000 тг
	2023	39	8 360 000 тг
	2024	60	17 587 000 тг
	2025	34	11 200 000 тг
Қаржыландырудың жалпы сомасы:			48 352 000тг.

2020–2025 жылдар аралығында орталықта 202 ғылыми-зерттеу жұмысы орындалды. 2025 жылға арналған көрсеткіштер жалпы 11 200 000 теңге сомасына 34 ғылыми-зерттеу жұмысын орындауды көздейді.

«Аквакультура» ғылыми- өндірістік орталығы төмендегі жобалар бойынша жұмыс жүргізуде:

1) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің коммерцияландыру жобасы – «Балықтар мен өсімдіктерді бірлесіп өсіру технологиясын өндіріске енгізу». Аталған жоба аясында Қазақстанда алғаш рет бағалы балық түрлері мен өсімдіктерді бірлесіп өсірудің техникалық тәсілдері әзірленетін болады. Бұл зерттеулер балықтардың алуан түрлерінің метаболизм өнімдеріндегі химиялық қосылыстардың концентрациясын және олардың Қазақстанның табиғи-климаттық жағдайында өсімдіктермен игерілу ерекшеліктерін анықтауға негізделеді. Жобаны іске асыру Жамбыл облысында жоспарланған. Ұтып алынған гранттың сомасы 280 млн 153 мың теңгені құрайды.

2) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің жалпы 409 млн теңге сомасына белгіленген БМҚ (ПЦФ) жобасы – «Жабық су айналымы қондырғыларын қолдану арқылы түрлі аквамәдениет нысандарын қарқынды және жоғары өнімді түрде өндірудің жаңа технологияларын жетілдіру және әзірлеу»

Агробиологиялық ғылыми-зерттеу орталығы 2014 жылы құрылған, 8 гектар аумақта орналасқан, студенттердің кәсіби практикадан өтуіне, профессор-оқытушылар құрамының ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуіне, жылыжай кешенін дамытуға, отандық өсімдік селекциясын зерделеуге арналған.

Орталық құрамында баламалы энергия көздері (күн батареялары) арқылы энергиямен қамтамасыз етілетін жаңа инженерлік шешімдерге негізделген «ақылды жылыжайлар» жүйесімен жұмыс істейтін жылыжай кешені, көкөніс өсіруге арналған егіс алқабы және көкөніс өңдеу бойынша шағын цех бар.

Орталық жыл сайын өсірілген дақылдарды өткізуден 5-6 млн теңге көлемінде табыс алады.

Орталық төмендегі жобалар аясында жұмыс жүргізуде:

1) ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің 94 395 315 теңге сомасындағы ГҚ (ГФ) жобасы – «Климаттың стационарлық емес жағдайында Қазақстанның жазықтағы өзендерінің ең төменгі ағынын есептеудің әдістемелік негіздерін әзірлеу және жетілдіру»;

2) ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің 119 868 343 теңге сомасындағы ГҚ (ГФ) жобасы – «Табиғи нутриенттер мен табиғи антиоксиданттармен байытылған жеміс-жидек десерттері мен көкөніс тағамдық консервілерін өндіру технологиясын жетілдіру».

«Ветеринария және мал шаруашылығы» ғылыми-зерттеу орталығы 2020 жылы құрылған, оның жалпы аумағы 50 гектарды құрайды. Орталық аймақтық агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға және ауыл шаруашылығы дақылдарының селекциясын зерделеуге бағытталған. Орталық аумағында ет және сүт бағытындағы ірі қара малын өсіруге арналған университеттік ферма орналасқан.

Орталық төмендегі жобалар аясында жұмыс жүргізуде:

1) BR22883585 «Жайылымдарды ұтымды пайдалану және оның өнім әлеуетін арттырудың тиімді технологияларын әзірлеу» тақырыбындағы ЖТЖ (Жаһандық ғылыми-техникалық бағдарлама) бойынша «Оңтүстік Қазақстанда жайылымдарды ұтымды пайдалану мақсатында ауыл шаруашылығы жануарларын (маусымдық және маусымішілік жайылым учаскелері) тиімді жаю технологияларын әзірлеу» БМҚ (ПЦФ) жобасы, 35 млн теңге сомасында;

2) BR21881871 «Тұрақты басқару контекстінде Қазақстанның азықтық алқаптарында жемшөп дайындау технологиялары мен тәсілдерін әзірлеу» тақырыбындағы ЖТЖ (Жаһандық ғылыми-техникалық бағдарлама) бойынша «Қазақстанның оңтүстігіндегі азықтық алқаптарда толыққанды жемшөп өндіру технологиясын әзірлеу» жобасы, 28 млн теңге сомасында.

«Шерхантану» орталығы халық жазушысы Шерхан Мұртазаның шығармашылығын кеңінен насихаттау мақсатында құрылған. Орталықтың негізгі міндеттерінің бірі – жазушының шығармашылық зертханасына қатысты маңызды материалдарды жинақтау, сондай-ақ оның шығармашылығын зерттеумен айналысатын ғалымдармен ғылыми байланыстар орнату болып табылады. **2014 жылдан бастап** мектеп оқушылары арасында «Шерхан оқулары» байқауы жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келеді.

IT-Academy (HUAWEI / CISCO) 2022 жылы құрылған. Академияның негізгі мақсаты – XXI ғасырдың мына дағдылары мен құзыреттерін қалыптастыру: білім алушылардың ақпаратпен жұмыс істеу, технологиялық дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ өңірде дарынды және бәсекеге қабілетті жас IT-мамандарының сыни ойлана алатын құрамын даярлау мақсатында IT-қозғалыс мәдениетін дамыту.

2023 жылы Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты HUAWEI ақпараттық және желілік технологиялар академиясы және CISCO желілік академиясымен серіктестік орнатты.

IT-Academy ұйымдастыруымен студенттер орындаған ғылыми жұмыстары мен стартап-жобалары бойынша 2 авторлық куәлік алынды. Сонымен қатар, университет мемлекеттік бюджеттен тыс негізде «S-TEC» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің тапсырысы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауда.

Кесте 9 – Шаруашылық келісімшарт тақырыптары бойынша ҒЗЖ

№	Тапсырыс беруші	Орындаушы	Зерттеу тақырыбы	Зерттеу жобасының жетекшісі	Қаржыландыру сомасы
1	«S-TEC» ЖШС	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	«Аймақтың кәсіпкерлік қызметінің әлеуеті мен экономикалық тиімділігін ғылыми бағалау»	Қуатбеков Ж.А.	Жыл бойынша: 2024 ж. – 3 000 000 тг; 2025ж. – 3 000 000 тг; 2026 ж. – 3 000 000 тг.
Жалпы қаржыландыру сомасы:					9 000 000 тг.

2024 жылдың 5 қарашасында университет «Astana IT University» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен «Қызмет көрсетуге ақы төлеу шартын» жасасты (Қызмет көрсетуге ақы төлеу шарты № 1/559-24).

Кесте 10 – Жоғары оқу орындарымен бірлескен жобалар

№	Тапсырыс беруші	Орындаушы	Қызмет көрсету атауы	Жауапты	Қаржыландыру сомасы
1	«Astana IT University» ЖШС	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	Экологиялық мониторингтің интеллектуалды ақпараттық-коммуникациялық жүйелер кешенін құру бойынша көміртексіздік концепциясы аясында басқарушылық шешімдер қабылдау мақсатында сараптамалық қолдау және көрсету және	Баяндин М.А.	Жылдар бойынша: 2025 ж. – 4 950 000 тг.

			консалтингтік қызметтер ұсыну		
Қаржыландырудың жалпы сомасы:					4 950 000 тг.

Сонымен, университет 2023–2025 және 2024–2026 жылдарға гранттық қаржыландыру конкурстарына ұсынылған 8 жоба бойынша жұмыс жүргізуде. Яғни, 2023–2025 жылдары 5 ғылыми жоба, ал 2024–2026 жылдары 3 жоба жүзеге асырылды.

Аталған сегіз жоба республикалық бюджет есебінен қаржыландырылады: үш жоба – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру (бұдан әрі – ГҚ); үш жоба – ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламаларды бағдарламалық-мақсаттық қаржыландыру (бұдан әрі – БМК); екі жоба – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландырудың ең перспективті жобаларын гранттық қаржыландыру (бұдан әрі – коммерцияландыру).

2025 жылы университеттің профессор-оқытушылар құрамының ғылыми еңбектері Scopus, Web of Science, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім сапасын қамтамасыз ету комитеті (бұдан әрі – Комитет) ұсынған журналдарда, сондай-ақ халықаралық және республикалық басылымдарда жарияланды.

Кесте 11 – Рецензияланған басылымдардағы жарияланымдар

Халықаралық ғылыми мақалалар дерекқоры	Басылған жылы	Жарияланым саны
Scopus	2025	19
Web of Science	2025	4
Комитет	2025 ж. I жарты жылдығы	25
Халықаралық және ұлттық ғылыми жарияланымдар	2025 ж. I жарты жылдығы	92

2021–2025 жылдар аралығында кафедралар оқытушыларының 34 ғылыми жұмысы Web of Science халықаралық ғылыми мақалалар дерекқорында жарияланды.

Кесте 12- Web of Science базасындағы жарияланымдар

Халықаралық ғылыми мақалалар базасы	Басылған жылы	Жарияланым саны
Web of Science	2020	8
	2021	6
	2022	8
	2023	9
	2024	3
	2025	4
Барлығы: 34 жарияланым		

2025 жылдың соңына университетте 118 авторлық куәлік және 51 патент алынған.

4. БІЛІМ БЕРУДІ ИНТЕРНАЦИОНАЛДАНДЫРУ ЖӘНЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҒЫ

2025 жылы Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті Қырғызстан және Түркия елдерінің бес жоғары оқу орнымен ынтымақтастық туралы келісімдерге қол қойды. Жалпы алғанда, университет халықаралық ынтымақтастық бойынша 60 келісімшарт жасасты.

Университеттің халықаралық мәртебесі Болгариядағы Черноризец Храбър атындағы Варна еркін университетімен бірлесіп жүзеге асырылатын «Computer Science» қос дипломды білім беру бағдарламасының болуымен нығайтылған.

2022–2024 жылдар аралығында университетте екі халықаралық жоба табысты түрде іске асырылды:

1) «Халықаралық кредиттік ұтқырлық (Erasmus+ХКҰ)» жобасы тәжірибе алмасу мен халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуді көздейтін студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығын дамытуға бағытталған. Жоба аясында білім беру бағдарламаларын қолдау, профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру, сондай-ақ халықаралық серіктестік байланыстарды нығайту жүзеге асырылады.

2) «Қазақстан мен АҚШ-та агробизнес саласындағы білім беру бағдарламаларын жаңғырту» жобасы заманауи халықаралық стандарттарға сәйкес агробизнес саласы бойынша оқу курстарын жаңартуға бағытталған. Жоба шеңберінде оқытудың озық әдістерін енгізу, Қазақстан мен АҚШ-тың білім беру ұйымдары арасындағы әріптестікті дамыту, сондай-ақ оқытушылар мен білім алушылардың кәсіби құзыреттерін арттыру көзделген.

2024–2025 оқу жылының бірінші семестрінде ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан қаржыландырылатын халықаралық кредиттік ұтқырлық бағдарламасы бойынша ХТУ-дың екі студенті Түркиядағы Қарадениз техникалық университетінде (Karadeniz Technical University) білім алды.

2024–2025 оқу жылының екінші семестрінде университеттің өз қаражаты есебінен алты студент академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша алыс шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарында білім алды. Атап айтқанда, білім алушылар Польшадағы Лодзь университетінде, Оңтүстік Кореядағы Намсеул университетінде және Түркиядағы Алания Алааддин Кейкубат университетінде академиялық дайындықтан өтті.

2025–2026 оқу жылының бірінші семестрінде ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің халықаралық академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында республикалық бюджет қаражаты есебінен университеттің жеті студенті Польшадағы Лодзь университетінде білім алуда. Сонымен қатар, бір студент Оңтүстік Кореядағы Намсеул университетіне өз қаражаты есебінен жіберілді.

Өз қаражаты есебінен шетелде білім алып жатқан студенттердің жол жүру шығындарын университет толықтай өтейді.

Университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлері қатарында Болгария, Корея Республикасы, Түркия және Ресей елдерінен шақырылған шетелдік ғалымдар қызмет атқарады. Олардың қызметі университет қаражаты есебінен қаржыландырылады. Аталған ғалымдар жаратылыстану және педагогика факультеттеріне бөлініп, жоғары оқу орнының дамуына елеулі үлес қосты:

-Буюклиев Николай Петков (Болгария) – «Тарих және география» кафедрасының профессоры, ректордың ғылым және коммерцияландыру жөніндегі кеңесшісі.

-Эмин Оба (Түркия) – «Шетел тілдері» кафедрасында түрік тілі бойынша аға оқытушы.

-Чо Донггюн (Корея Республикасы) – «Шетел тілдері» кафедрасында корей тілі бойынша аға оқытушы.

-Тунгатарова Куралай Мухамбеджановна (Ресей) – «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасында орыс тілі бойынша аға оқытушы.

-Шумейко Дмитрий Валентинович (Ресей) – «Аквакультура» орталығының ғылыми қызметкері.

Университеттің профессор-оқытушылар құрамының шетелдік іс-сапарлары

Сыртқы академиялық ұтқырлық аясында 2024 жылдың басында университеттің профессор-оқытушылар құрамынан төрт өкіл Қырғызстандағы Кувейт халықаралық университетінде академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша онлайн форматта дәрістер оқыды. Өз кезегінде, Кувейт халықаралық университетінің профессор-оқытушылар құрамынан екі өкіл Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің студенттері үшін онлайн-дәрістер өткізді. Сондай-ақ сегіз оқытушы Қ.И.Скрябин атындағы Қырғыз ұлттық аграрлық университетімен академиялық алмасу бағдарламасына қатысты, аталған жоғары оқу орнынан қосымша төрт оқытушы қабылданды.

Бұдан бөлек, университет басшылығы жұмыс сапары аясында бірқатар шетелдік жоғары оқу орындарына барды. Атап айтқанда, Қытайдағы Санжы университетіне, сондай-ақ Түркиядағы Аланья университетіне, Трабзон университетіне, Қара теңіз техникалық университетіне және Аланьядағы Алааддин Кейкубат атындағы университетке ресми сапарлар жүзеге асырылды.

Халықаралық ынтымақтастықты нығайту аясында Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің оқытушылары мен басшылығы жақын және алыс шетелдердің жетекші жоғары оқу орындары мен ұйымдарына шетелдік іссапарларға қатысты.

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор А.С.Қадырова және Экономика және бизнес факультетінің деканы Ж.А.Қуатбеков Өзбекстандағы Кимё атындағы Ташкент халықаралық университетіне жұмыс сапарымен барып, халықаралық серіктестікті дамыту шеңберінде ресми кездесу өткізді.

Стратегия, ғылым, инновациялар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Құдайбергенов А.Е. ынтымақтастықты нығайту және шетелдік студенттерді тарту мақсатында Қытайдағы Чанджи университетіне жұмыс сапарымен барды. Сонымен қатар, проректор А.Е.Құдайбергенов және Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар басқармасының басшысы Д.Д.Сатбеков халықаралық байланыстарды кеңейту мақсатында Түркиядағы Гебзе техникалық университеті мен Анкара элеуметтік ғылымдар университетіне ресми сапар жасады.

Жаратылыстану бағытындағы мамандықтар кафедрасының сеньор-лекторы Ермекова А.С. Германиядағы Берлин техникалық университетінде ғылыми тағылымдамадан өтті.

Стандарттау және ветеринария кафедрасының меңгерушісі П.М.Маликтаева, профессордың ассистенті Ж.А.Шымыр және ассистент М.С.Маралбай Қырғыз Республикасындағы И.Раззаков атындағы Қырғыз мемлекеттік техникалық университетінің студенттеріне дәрістік сабақтар өткізді.

Аквакультура ғылыми-зерттеу орталығының директоры В.А.Арыстанғалиева ғылыми жобаларды іске асыру аясында Чехиядағы Ческе-Будеёвице қаласындағы Оңтүстік Чех университетіне, Жапониядағы ROTOVO жапон қауымдастығына және Қытайдағы Northwest A&F University жұмыс сапарларымен барды.

Биология және ауыл шаруашылығы мамандықтары кафедрасы профессорының ассистенті К.Ж.Сейтбаев Өзбекстандағы Қарақалпақ ауыл шаруашылығы және агротехнологиялар институтының студенттеріне дәрістер оқыды.

Бастапқы әскери дайындық және шығармашылық мамандықтар кафедрасы профессорының ассистенті М.С.Паншаев Қытайдағы Юлин университетінде шеберлік сабақтарын өткізді.

Студенттердің академиялық ұтқырлығы

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2024 жылғы 23.02.2024 ж. №2-14-1-3/1364-И ресми хаты бойынша Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетіне 2024 жылы екі студентті Еуропа Одағы елдерінде оқытуға қаражат бөлініп, бұл қаражат толықтай игерілді.

Сыртқы академиялық ұтқырлық аясында 2024 жылы 27 студент Польша, Түркия, Қырғызстан және Өзбекстан сияқты елдерде білім алды. Олардың ішінде:

- 2 студент республикалық бюджет есебінен;
- 3 студент университет қаражаты есебінен;
- 22 студент өз қаражаты негізінде оқыды.

2025–2026 оқу жылы үшін университетке Еуропа елдерінде студенттерді оқытуға арналған халықаралық академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында республикалық бюджет есебінен 5 грант бөлінді. Серіктес елдерде тұру шығындарын ескере отырып, бөлінген қаржы шеңберінде 7 студентті жіберу мүмкіндігі қарастырылып, бұл комиссия шешімімен бекітілді. Іріктеу нәтижесі бойынша 7 студент 2025–2026 оқу жылының күзгі семестрінде Польшадағы Лодзь университетіне республикалық бюджет есебінен жіберілді. Бұл ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2025 жылғы 26 наурыздағы «2025 жылы академиялық ұтқырлық аясында шетелдегі жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында орындардың санын бекіту туралы» №133 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылды.

2025 жылы сыртқы академиялық ұтқырлық аясында 27 студент Польша, Түркия, Қырғызстан және Өзбекстан елдерінде білім алды, олардың ішінде:

- 7 студент республикалық бюджет есебінен;
- 7 студент қос қаржыландыру негізінде (екі жаққа ұшақ билеттері университет есебінен төленді);
- 13 студент өз қаражаты есебінен оқыды.

Шетелдік студенттер

2025 жылғы жағдай бойынша университетте Қытай, Пәкістан, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан және Түркменстан елдерінен келген 114 шетелдік студент білім алуда. Шетелдік студенттердің саны университеттің беделінің артуына, халықаралық білім көрмелеріне қатысуына және шетелде өткізілетін кәсіби бағдарлау іс-шараларының өтуіне байланысты жыл сайын артып келеді.

5. СТУДЕНТТІК БАСТАМАЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ҚОЛДАУ

Sherkhan Murtaza University әлеуметтік саясаты тұлғаның табысқа жету жолындағы тұлғалық дамуын, мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруын, өзін-өзі басқару, өзін-өзі айқындау, тұлғаның толыққанды дамуын, сонымен қатар оның қоғамдық өмірдің түрлі салаларына қатысуына, белгілі бір мамандыққа ие болуына және кәсіби дамуына ықпал ететін негізгі қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған.

Университеттің жастар саясаты – бұл көшбасшылық, кәсіби шеберлік және тең мүмкіндіктер құндылықтарына негізделген жастар бастамаларын дамыту. Бұл бастамалар шеңберінде әр студент ғылыми-зерттеу жұмыстарына, шығармашылық және интеллектуалдық конкурстарға, халықаралық волонтерлік жобаларға қатыса алады және табысты мансапқа қажетті дағдыларды меңгереді.

Жоғары оқу орнының тәрбие жүйесінде «жалпыдан жекеге» қағидасы ескеріледі. Тәрбие процесінің орталығында студент орналасқан, оның құндылықтық бағдарлары, қабілеттері, интеллектуалдық даму ерекшеліктері және көзқарастары басты назарда болады.

Қазіргі таңда университетте тәрбие жұмысы келесі құрылымдар арқылы ұйымдастырылып, жүзеге асырылады:

- жастар саясаты және тәрбие жұмысы басқармасы;
- жастар ұйымдары;
- студенттерге арналған клубтар, шығармашылық ұжымдар және қызығушылықтары бойынша үйірмелер;
- спорттық секциялар.

Университетте 13 жастар ұйымы жұмыс істейді. Олардың ішінде:

- Жастар істері жөніндегі комитет;
- «Жастар рухы» жастар қанаты;
- Қазақстандағы ХТУ студенттер альянсы;
- Студенттердің «Алтын шаңырақ» кіші ассамблеясы;
- «Sherkhan volunteers» және «Ізгілік» волонтерлік клубтары;
- Студенттік ректорат;
- Студенттер үйінің студенттік кеңесі;
- «Шерхан жастары» студенттік құрылыс отряды;
- КТК командалары «ОЮ», «Метеорит»;
- Студенттік «Талант»театры;
- «Күлтөбе» дебат клубы;
- «Айша» қыздар клубы;
- Студенттік шығармашылық орталығы (Студенттер үйі).

Университет облыс, аймақ және республика көлемінде ұйымдастырылатын білім беру, ғылыми және қоғамдық шаралардың белсенді қатысушысы болып табылады.

Университеттің спорттық өмірі студенттердің спорттық қабілеттерін дамытуға, командалық рухты нығайтуға және патриотизмді қалыптастыруға ықпал ететін түрлі спорттық іс-шараларды (спорттық турнирлер, денсаулық фестивальдары, денсаулық күндері және басқалар) қамтиды.

Салауатты өмір салтын насихаттау және қалыптастыру мақсатында университетте волейбол, баскетбол, үстел теннисі, тоғызқұмалақ, шахмат, мини-футбол, жеңіл атлетика,

шығыс жекпе-жектері, армрестлинг, жағажай волейболы бойынша спорттық секциялар мен клубтар ұйымдастырылған. Сонымен қатар университет қабырғасында Спорттық-көпшілік жұмыс орталығы және «Жігер» спорттық клубы қызмет атқарады.

Студенттік «Талант» театры 2008 жылы құрылды. Бұл өнерге қызығушылық танытқан жастарды біріктіретін шығармашылық алаң болып табылады. Театр репертуарында шамамен 15 классикалық және драмалық шығармалар бар. Театр мүшелері әр түрлі республикалық көркем оқу шеберлері байқауларының лауреаттары мен дипломанттары болып табылады. 2025 жылы «Талант» студенттік театры «Халық театры» атағына ие болды.

Жастар арасында тапқырлық, шешендік өнер және ұжымдық рухты дамытатын көңілді әрі танымдық сайыс – «Жайдарман» КТК ойындары. Университетте «Жайдарман» ойындарын дамытуға және студенттердің креативті идеяларын жүзеге асыруға ерекше көңіл бөлінеді. Университеттің «ОЮ» командасы «Жайдарман» ойындарының «Ұлттық лигасының» чемпионы атанды.

Волонтерлік қозғалыс – студенттердің қоғамдық өмірге белсенді қатысуының бір формасы болып табылады. Ол азаматтық жауапкершілікті, әлеуметтік ынтымақтастықты дамытуға және тұлғаны дамытуға бағытталған. Университетте «Sherkhan volunteers» және «Ізгілік» волонтерлік клубтары жұмыс істейді, олардың қызметі белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыруға, әлеуметтік жауапкершілікті дамытуға және қоғамдық маңызды бастамаларды қолдауға бағытталған. Аталған клубтардың мүшелері – Намелбек Азамат пен Сайлаухан Гаухар – «Жыл волонтері» номинациясы бойынша «Тәуелсіздік ұрпақтары» республикалық грантының иегерлері.

Университет дарынды студент-спортшыларын мақтан етеді. Олардың арасында олимпиада чемпиондары, әлем чемпиондары, спорт шеберлері бар: боксшылар – Асланбек Шымбергенев, Дулат Бекбауов; кикбоксшылар – Усуп Мақсат, Баймуратов Димаш; дзюдоист – Зейнеп Оразхан; еркін күресші – Асан Нұржан және басқалары бар.

Қазіргі таңда университетте 1250 м² ауданы бар жаңа спорттық кешеннің құрылысы жүргізілуде.

Маңызды мәселелердің бірі – студенттерге әлеуметтік қолдау көрсету және оларды жатақхана орындарымен қамтамасыз ету. Бүгінгі күні университетте екі жатақхана бар: 500 орындық Студенттер үйі және 86 орындық №2 студенттік жатақхана.

Студенттер үйінде заманауи инфрақұрылым қарастырылған. Атап айтқанда, тәулік бойы жұмыс істейтін Электронды оқу залы, студенттердің пікір алмасып, бизнес-тренингтер мен шеберлік сабақтарын өткізетін Коворкинг орталығы, онлайн семинарлар мен вебинарлар өткізуге арналған зал, кездесулер мен жиналыстарға арналған конференц-зал, кино залы, студенттік асхана және кофе-дүкен жұмыс істейді.

Студенттердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында қызығушылықтары бойынша үйірмелер мен клубтар, гимнастикалық зал, «Sherkhan Athletics» спорт залдары, сондай-ақ сұлулық салоны қызмет көрсетеді.

6. УНИВЕРСИТЕТ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті сапалы білім беруді, ғылыми зерттеулерді және студенттердің жайлы өмір сүруін ұйымдастыру талаптарына сай дамыған және заманауи материалдық-техникалық базамен қамтамасыз етілген.

Оқу процесі алты оқу корпусында жүзеге асырылады, олардың жалпы ауданы – 20 645,3 м², бұл кеңістікаудиториялық және зертханалық қызмет үшін жеткілікті болып табылады. Дене тәрбиесі және спорт сабақтарын өткізу үшін университетте жабық спорттық-сауықтыру кешені және үш ашық спорт алаңы жұмыс істейді, бұл салауатты өмір салтын қалыптастыруға және спорттық іс-шараларды ұйымдастыруға қолайлы жағдай жасайды.

Университеттің ғылыми әлеуеті білім мен ғылымды интеграциялауға әрі студенттердің жобалық-зерттеу қызметіне қатысуына мүмкіндік беретін салалық ғылыми орталықтарда – агробиологиялық, ветеринария және мал шаруашылығы, аквакультура орталықтарында шоғырланған.

Оқу процесін арнайы аудиториялар мен зертханалармен қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлінеді, олардың жалпы саны – 37. Барлық бөлмелер заманауи жабдықтармен және компьютерлік техникамен қамтамасыз етілген, бұл лабораториялық жұмыстарды, практикалық

сабақтарды және зерттеулерді жоғары деңгейде өткізуге мүмкіндік береді. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар оқу процесіне белсенді енгізілуде: университетте 34 интерактивті тақта және 32 сандық панель бар. Студенттер мен оқытушылардың пайдалануы үшін 574 компьютер қарастырылған, оның 468-і білім беру қызметінде белсенді қолданылады. Компьютерлік ресурстар 16 арнайы сыныптар мен құрылымдық бөлімшелерде орналастырылған.

Тілдік дайындықты ұйымдастыру үшін заманауи бағдарламалармен қамтамасыз етілген екі лингафондық кабинет жұмыс істейді. «Бастапқы әскери дайындық» бағдарламасы бойынша аудитория электрондық тирмен жабдықталған – бұл қолданбалы әскери дайындық талаптарына сай заманауи бағдарламалық-аппараттық кешен. Оқу контентін құрудың инновациялық тәсілін жүзеге асыруда университеттің оқу бейнематериалдарын жазуға арналған әйнек тақта орнатылған өз бейне студиясында іске асырылады.

Инклюзия және қолжетімді ортаны жасау мәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді. Барлық оқу корпустарында және жатақханаларда мүмкіндігі шектеулі адамдарға толық қолжетімділік қамтамасыз етілген: лифттер, пандустар, көтергіштер, шақыру батырмалары, тактильді таңбалау, санитарлық бөлмелердің бейімделуі, кітапхана мен басқа да ресурстарға еркін қолжетімділік қарастырылған.

Кесте 13 – Инфрақұрылымды қамтамасыз ету

Инфрақұрылым нысанының атауы	Сипаттамасы / Саны / Белгісі
Оқу корпустары	6 корпус, жалпы көлемі– 20 645,3 м ²
Спорттық инфрақұрылым	1 төбесі жабылған спорттық-сауықтыру кешен, 3 төбесі ашық спорттық алаңдар
Ғылыми орталықтар	3 орталық: агробиологиялық, ветеринария және мал шаруашылығы, аквакультура
Арнайы аудиториялар мен зертханалар	37 заманауи құрал-жабдықтармен және компьютерлермен жабдықталған аудиториялар мен зертханалар
Жатақхана	«Студенттер үйі» – 500 орын; агробиоорталықтың 84 орындық жатақханасы
Интерактивті құралдар	34 интерактивті тақталар, 32 сандық панельдер
Компьютерлер	Барлығы – 574; оқу үрдісінде – 468; 16 компьютерлік сыныптар мен өзге де құрылымдық бөлімшелерде орналастырылған
Тілдік кабинеттер	Арнайы компьютерлермен жабдықталған 2 лингафондық сынып
Электронды тир	«Бастапқы әскери дайындық» білім беру бағдарламасы бойынша заманауи бағдарламалық-аппараттық кешен.
Бейне студия	Оқу бейнематериалдарын жазып алатын әйнек тақтасы бар ерекше студия
Инклюзивті инфрақұрылым	Барлық оқу корпустарында және жатақханаларда мүмкіндігі шектеулі адамдарға лифттер, пандустар, көтергіштер, шақыру батырмалары, тактильді таңбалау, санитарлық бөлмелер бар, кітапхана мен басқа да ресурстарға 100 пайыздық қолжетімділік қарастырылған.

Арнайы назар аударуға тұрарлық университеттің Ақпараттық-кітапханалық орталығы (АҚО), ол «Кітапхана 24/7» форматында жұмыс істейді және қызметтерді «бір терезе» принципі бойынша ұсынады. Орталық төрт оқу корпусында және Студенттер үйінде орналасқан, жалпы ауданы – 1 360,66 м² және олардағы орын саны – 340. Цифрлық трансформация аясында студенттердің жеке және топтық жұмыс, демалыс және өзін-өзі дамыту үшін 13 қызмет көрсету нүктесі мен креативті кеңістіктер құрылды.

АҚО-ның кітап қоры 430 мыңнан астам дананы құрайды, оның 86%-ы мемлекеттік тілде. Кітап қорының басым бөлігі оқу және оқу-әдістемелік әдебиет (75%) болып табылады, бұл оқу

процесін қолдауға бағытталғанын көрсетеді. Орталық электрондық ресурстарды белсенді дамытып келеді, Scopus, ScienceDirect, IPRbooks, РМЭБ және басқа да дерекқорлар арқылы 315 840 дана қолжетімді. Электрондық каталог КАБИС жүйесі негізінде жүргізіледі, ал 2021 жылдан бастап кеңейтілген функцияларға ие МегаПРО автоматтандыру жүйесі енгізілуде.

АҚО жұмысының маңызды құрамдас бөлігі – оқу құралдарын цифрландыру (2021 жылдан бастап 268 басылым) және онлайн қызметтерді: электрондық тапсырыс беру, мерзімін ұзарту, анықтамалық қызмет, құжаттарды жеткізу және басқа қызметтерді ұсыну. Сонымен қатар, оқытушылардың, магистранттар мен студенттердің ақпараттық-медиа сауаттылығын арттыру бағдарламасы жүзеге асырылуда.

Осылайша, университеттің жабдықталу деңгейі қазіргі заманғы жоғары білім стандарттарына сай болып, оқу процесінің сапасын қамтамасыз ету, ғылыми зерттеулер жүргізу, инклюзияны қолдау және цифрландыру бойынша қолайлы жағдайлар жасайды.

SWOT – талдау

Күшті жақтары (Strengths)

- **Білім беру бағдарламаларының кең ауқымы:** 26 бағыт бойынша 77 лицензияланған оқу бағдарламасы (бакалавриат және магистратура), оның ішінде жаңа заманауи мамандықтар қамтылған.

- **Оқытудағы инновациялық тәсілдер:** MINOR бағдарламалары, пәнаралық курстар, цифрлық платформалар мен онлайн оқытуды (Coursera, HUAWEI, CISCO) енгізу.

- **ПОҚ жоғары академиялық деңгейі:** 46%-ы ғылыми дәрежеге ие, жүйелі біліктілікті арттыру бағдарламасы, тағылымдамалар, докторантуралар.

- **Мықты материалдық-техникалық база:** заманауи оқу корпустары, арнайы зертханалар (оның ішінде IT-зертханалар, цифрлық сыныптар), инновациялық ресурстарға қолжетімділік, электрондық қоры бар заманауи кітапханалық жүйе.

- **Дамыған ғылыми-зерттеу қызметі:** ғылыми жобаларға белсенді қатысу, халықаралық журналдарда жарияланымдар, гранттарға өтінімдер мен қатысу көлемінің өсуі, жас ғалымдарды ынталандыру, зерттеу топтарын қалыптастыру.

- **Өнеркәсіп және бизнеспен интеграция:** практикаға бағдарланған оқыту, компаниялар мен мемлекеттік құрылымдармен серіктестік бағдарламалары, өндірістік тәжірибе өткізетін алаңдар.

- **Басқару және оқу процесін автоматтандыру:** «AI-Sana» бағдарламасы бойынша ЖИ шешімдерін енгізу, студенттер мен оқытушыларға арналған электрондық сервистер (портфолио, KPI, IGPA).

Әлсіз жақтары (Weaknesses)

- **Инфрақұрылымның біркелкі дамымауы:** Заманауи корпусстар болса да, кейбір зертханалар мен техникалық базалар жаңа бағыттарды қолдау үшін жаңартуды немесе кеңейтуді қажет етеді (мысалы, экология, жасыл экономика).

- **Ғылыми жобаларды қаржыландырудың шектеулілігі:** Халықаралық деңгейде жарияланымдар және бәсекеге қабілеттілікке әсер ететін ірі зерттеулер мен инновацияларды енгізуге қаражат көлемінің жеткіліксіздігі.

- **Студенттердің ғылыми қызметке қатысу деңгейінің төмендігі:** Университет тарапынан ынталандыру мен қолдаудың жеткіліксіздігінен студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына тартылу аздығы байқалады.

- **Цифрлық инфрақұрылымның біркелкі қолжетімді еместігі:** Кейбір бөлімшелер мен студенттер цифрлық ресурстарға қол жеткізудегі қиындықтары онлайн-оқытудың тиімділігін төмендетеді.

- **Ғылым мен оқытудың жеткілікті интеграцияланбауы:** Ғылыми зерттеулердің оқу бағдарламалары, тәжірибелермен тығыз байланысы жоқ.

- **Материалдық-техникалық базаны кеңейту мүмкіндіктері сыртқы қаржыландырусыз шектеулі.**

- **Ғылыми дәрежесі бар профессор-оқытушылар құрамының салыстырмалы түрде орташа жасы жоғары, алдағы уақытта да жоғарылау тенденциясы байқалады.**

Мүмкіндіктер (Opportunities)

- **Ғылыми бағыттарды және пәнаралық жобаларды кеңейту:** Қосымша гранттар тарту, ғылыми зерттеу орталықтарын дамыту, жобалық-зерттеу әдістерін оқу процесіне енгізу.
- **Ғылым мен инфрақұрылым саласындағы халықаралық ынтымақтастықты күшейту:** Ортақ зертханалар, тәжірибе алмасу, халықаралық гранттар мен конференцияларға қатысу.
- **Инфрақұрылымды мемлекеттік бағдарламалар мен жеке инвестициялар арқылы жаңғырту:** Зертханаларды жаңарту, заманауи ІТ-шешімдерді енгізу, университеттің цифрлық платформасын дамыту.
- **Инновациялық экожүйені дамыту:** Университет базасында стартап-инкубаторлар, технопарктер, технологияларды трансферлеу орталықтарын енгізу.
- **Студенттердің ғылыми қызметке ынтымақтасын арттыру:** Ғылыми клубтар, конкурстар, жас зерттеушілерге арналған стипендиялар мен гранттар ұйымдастыру.
- **Жаңа технологияларды (ЖИ, big data) ғылыми зерттеулер мен оқу процесінде қолдану.**

Қауіптер (Threats)

- **Инфрақұрылым мен ғылымды тұрақты қаржыландырудағы қиындықтар:** Бюджеттік қаражаттың қысқару қаупі немесе жобаларды қаржыландырудың кешігуі.
- **Білікті ғылыми кадрлардың кетуі:** Шетелдік және жеке университеттермен бәсекелестік, ғылыми мансапқа арналған жеткілікті жағдайлардың болмауы.
- **Инфрақұрылымды жаңартудағы кешігулер:** Жабдықтар мен бөлмелердің ескіруі университеттің бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді.
- **Ғылыми қызметтің нарық талабына жеткілікті бейімделмеуі:** Ғылымның экономика мен өнеркәсіптің нақты қажеттіліктерінен алшақ болуы.
- **Цифрлық инфрақұрылым қауіпсіздігінің тәуекелдері:** Киберқауіптер, техникалық ақаулар, қызметкерлер дайындығының жеткіліксіздігі.
- **Ғылыми-білім беру қызметіндегі өзгерістер мен инновацияларға қарсыласу.**

4-БӨЛІМ. ҰЙЫМНЫҢ МИССИЯСЫ, КЕЛЕШЕГІ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Келешегі :

Орталық Азиядағы жетекші университеттердің қатарына еруге ұмтылу, дарынды жастар, инновациялар мен халықаралық ынтымақтастық үшін тартымды академиялық орталыққа айналу.

Миссиясы :

Білім беру, ғылым және шығармашылық арқылы қоғам мен экономиканы жаңғырта алатын креативті, жауапкершілікті және бәсекеге қабілетті көшбасшыларды даярлау.

Құндылықтары :

1. Ашықтық пен креативтілік – қалыптан тыс ойлау, өзгерістерге дайын болу және инновацияларға ұмтылу.

2. Адалдық және қоғамға қызмет ету – этикалық ұстанымдар, ашықтық пен қоғамдық игілікке бағдарлану.

3. Үздіксіз даму – өсуге, өзін-өзі жетілдіруге және кәсіби шеберлікке тұрақты ұмтылыс.

4. Дәстүрлер мен сабақтастық – тарихты құрметтеу, өзара қолдау мәдениеті және корпоративтік бірлік.

5. Серіктестік пен академиялық еркіндік – білімді бірлесіп қалыптастыру, пікір алуандығын құрметтеу және ғылыми тәуелсіздік.

ХТУ-дың даму перспективалары

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарын (ТДМ), жоғары білім беруді дамытудың заманауи тұжырымдамаларын және университеттің өз стратегиялық жоспарын басшылыққа ала отырып, ұлттық және жаһандық деңгейдегі басымдықтарға сәйкес стратегиялық дамуға бағдарланады.

1. Академиялық әлеуетті және білім беру сапасын нығайту.

Қазіргі заман талаптарына сай білім беру бағдарламаларын дамыту, цифрлық технологияларды білім беру үдерісіне интеграциялау, сондай-ақ қашықтан және аралас оқыту форматтарын кеңінен енгізу арқылы жаһандық еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, жоғары білікті мамандарды даярлау.

2. Ғылыми-зерттеу қызметі мен инновацияларды дамыту.

Зерттеу орталықтарын құру және қолдау, пәнаралық жобаларды дамыту, өңір мен елдің өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуге бағытталған инновациялық белсенділікті ынталандыру.

3. Халықаралық ынтымақтастық пен серіктестікті нығайту.

Халықаралық академиялық және ғылыми-зерттеу серіктестіктер желісін кеңейту, сапаның халықаралық стандарттарына сәйкес тәжірибе алмасу және кадрларды бірлесіп даярлау.

4. Инфрақұрылымды дамыту және цифрлық трансформация.

Материалдық-техникалық базаны жаңғырту, оқу және ғылыми үдерістерге арналған заманауи зертханалар мен цифрлық платформаларды енгізу, орнықты әрі экологиялық жауапты инфрақұрылымды қамтамасыз ету.

5. Инклюзивті және белсенді студенттік ортаны қалыптастыру.

Студенттік бастамаларды қолдау, әлеуметтік серіктестік бағдарламаларын дамыту, студенттік өзін-өзі басқару мен волонтерлік жүйені нығайту арқылы әлеуметтік жауапкершілік пен азаматтық ұстанымды қалыптастыру.

6. Орнықты даму мен әлеуметтік әл-ауқатқа үлес қосу.

Қоршаған ортаны қорғауға, өмір сапасын арттыруға және білім беру үдерісінің барлық қатысушылары үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге бағытталған білім беру және ғылыми жобалар арқылы Тұрақты даму мақсаттарын іске асыруға университеттің белсенді қатысуы.

5-БӨЛІМ. СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР, МАҚСАТТАР, МАҚСАТТЫ КӨРСЕТКІШТЕР МЕН ОЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ МІНДЕТТЕР

Стратегиялық бағыт 1. «Академиялық және кәсіби даму»

Тұрақты даму мақсаттарын есепке алғандағы академиялық қызмет саласындағы міндеттер:

1. MINOR және инновациялық білім беру бағдарламаларын қоса алғанда, икемді және пәнаралық білім беру бағдарламаларын дамыту

ТДМ 4: Сапалы білім; ТДМ 8: Экономикалық өсім.

2. Білім беру үдерісіне цифрлық шешімдерді енгізу, оның ішінде онлайн платформаларды (Coursera, CISCO, HUAWEI) қолдануды кеңейту, IGPA, портфолиолар мен тағылымдамаларды автоматтандыру.

ТДМ 4: Сапалы білім; ТДМ 9: Инновациялар мен инфрақұрылым

3. Формалды емес оқыту түрін танудың тетіктерін дамыту және оны академиялық кредиттерге трансформациялау

ТДМ 4: Сапалы білім; ТДМ 10: Теңсіздікті азайту

4. Барлық факультеттердің студенттері мен оқытушыларының цифрлық курстарға, соның ішінде жасанды интеллект бағдарламаларына және AI-Sana бастамасына қатысуын арттыру

ТДМ 4: Сапалы білім; ТДМ 16: Туімді институттар

5. Колледж түлектерінің академиялық траекторияларын ТЖКБ бағдарламаларын үйлестіру арқылы қолдау және оқу мерзімін қысқарту

ТДМ 4: Сапалы білім; ТДМ 8: Экономикалық өсім

6. IT және педагогика саласынан тыс жұмыс берушілермен серіктестікті кеңейту арқылы студенттердің өндірістік тәжірибеге қатысуын арттыру

ТДМ 8: Экономикалық өсім; ТДМ 17: Тұрақты дамуға арналған серіктестіктер

7. Стипендиялар, гранттар және Президенттік бағдарламаларға қолжетімділікті кеңейту арқылы студенттерді уәждеу және ынталандыру жүйесін нығайту

ТДМ 1: Кедейшілікті болдырмау; ТДМ 4: Сапалы білім

8. БББ ұлттық рейтингтердегі позицияларын жақсарту және білім беру сапасын ішкі бағалау тетіктерін дамыту

ТДМ 4: Сапалы білім; ТДМ 16: Туімді институттар

9. Халықаралық стандарттарға және кәсіби талаптарға сәйкестікке баса назар аудара отырып, білім беру бағдарламаларын аккредиттеуді жалғастыру,

ТДМ 4: Сапалы білім; ТДМ 17: Серіктестік

10. Оқу үдерісінің тартымдылығы, нәтижелілігі мен цифрландырылуы бойынша КРІ көрсеткіштерімен қамтамасыз ететін университеттің біртұтас цифрлық экожүйесін құру.

ТДМ 9: Инновациялар және инфрақұрылым; ТДМ 16: Туімді институттар

Стратегиялық бағыт 2: Ғылымды дамыту және халықаралықтандыру

ТДМ-ды есепке алғандағы ғылыми қызмет саласындағы міндеттер:

1. Аймақтағы және елдегі өзекті экологиялық, ауыл шаруашылығы және технологиялық мәселелерді шешуге бағытталған ғылыми зерттеулерге университеттің қатысу үлесін арттыру
ТДМ 9: Индустрияландыру, инновациялар және инфрақұрылым; ТДМ 13: Климаттың өзгеруімен күрес

2. Қолданбалы зерттеулер мен коммерцияландыруға басымдық бере отырып, мемлекеттік және жекеменшік құрылымдардың гранттары мен тапсырыстары аясында жүзеге асырылатын ғылыми жобалардың ауқымын кеңейту

ТДМ 8: Лайықты жұмыс және экономикалық өсім; ТДМ 17: Тұрақты дамуға мүдделі серіктестік

3. Жас ғалымдар мен зерттеушілерді қолдау, студенттерді ҒЗЖ-ға және ғылыми стартаптарға тарту

ТДМ 4: Сапалы білім; ТДМ 5: Жыныстық теңдік

4. Университеттің ғылыми-зерттеу инфрақұрылымын нығайту, соның ішінде зертханаларды, ғылыми-зерттеу орталықтарын және цифрлық платформаларды дамыту

ТДМ 9: Инновациялар және инфрақұрылым

5. Профессор-оқытушылардың халықаралық дерекқорлар тізіміндегі басылымдардағы (Scopus, Web of Science) жарияланым белсенділігін арттыру

ТДМ 4: Сапалы білім; ТДМ 17: Серіктестік

6. Ұлттық және халықаралық деңгейдегі университеттермен, зерттеу орталықтарымен және кәсіпорындармен академиялық және ғылыми серіктестікті дамыту

ТДМ 17: Тұрақты дамуға арналған серіктестік

7. Зияткерлік меншікті қорғау және шағын инновациялық кәсіпорындар құруды қоса алғанда ғылыми зерттеулер нәтижелерін коммерцияландыруға ықпал ету

ТДМ 8: Экономикалық өсім; ТДМ 9: Инновациялар

ТДМ-ды есепке алғандағы білім берудің халықаралық деңгейі мен мобильділігі саласындағы міндеттер:

1. QS TOP-500 университеттерімен халықаралық серіктестіктер санын кеңейту және қос диплом бағдарламаларын дамыту

ТДМ 4: Сапалы білім; ТДМ 17: Тұрақты дамуға арналған серіктестік

2. Кәсіптік бағдар беру бойынша ақпараттық науқандар мен халықаралық көрмелерге қатысу арқылы шетелдік студенттер санын арттыру

ТДМ 4: Сапалы білім; ТДМ 10: Теңсіздікті азайту

3. Fulbright, GoNomads, SES және ELF бағдарламалары арқылы қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді келісімшарттармен шетелдік ғалымдарды тұрақты түрде жұмысқа тарту

ТДМ 4: Сапалы білім; ТДМ 9: Инновациялар және инфрақұрылым

4. Халықаралық гранттар (Erasmus+, Horizon, UniCEN және т.б.) арқылы қаржыландыруды кеңейту арқылы оқытушылар мен студенттердің академиялық кіріс және шығыс мобильділігін дамыту

ТДМ 4: Сапалы білім; ТДМ 8: Лайықты жұмыс және экономикалық өсім

5. Халықаралық жазғы лагерьлер жұмысын, тағылымдамалар мен волонтерлік бағдарламаларды ұйымдастыру (археологиялық және педагогикалық бағыттар бойынша)

ТДМ 4: Сапалы білім; ТДМ 11: Тұрақты қалалар мен қауымдастықтар

6. Ағылшын тіліндегі білім беру ортасына сәтті интеграциялану үшін студенттер мен оқытушылар үшін академиялық мобильділікті арттыру және тілдік даярлау жүйесін дамыту

ТДМ 4: Сапалы білім; ТДМ 5: Жыныстық теңдік (баршаға қолжетімділік тұрғысынан)

7. Университеттің беделін арттыру және дипломдарының танылуын күшейту үшін халықаралық рейтингтерге, аккредиттеулерге және ұйымдарға қатысу

ТДМ 4: Сапалы білім; ТДМ 16: Тиімді институттар

8. Халықаралық қызметтердің университеттің экономикалық моделіне тұрақты үлес қосуын қамтамасыз ету (ақылы оқу арқылы, гранттар, серіктестік жобалар арқылы)

ТДМ 8: Экономикалық өсім; ТДМ 17: Серіктестік

Стратегиялық бағыт 3. «Университеттің үшінші миссиясын жүзеге асыру»

Тұрақты даму мақсаттарын есепке алғандағы студенттердің бастамашылдығын және әлеуметтік белсенділігін дамыту бағыты бойынша міндеттер:

1. Студенттердің университеттің әлеуметтік, мәдени және академиялық өміріне қатысу мүмкіндіктеріне тең қол жеткізуін қамтамасыз ету

ТДМ 4: Сапалы білім; ТДМ 10: Теңсіздікті азайту

2. Студенттік клубтар, шығармашылық бірлестіктер, волонтерлік және спорттық қозғалыстарға қолдау көрсету арқылы жастардың өзін-өзі жүзеге асыруына жағдай жасау

ТДМ 3: Мықты денсаулық пен әл-ауқат; ТДМ 16: Бейбітшілік, әділеттілік және тиімді институттар

3. Студенттерді тұрақты дамуға, экологиялық ағартуға және әлеуметтік инклюзияға бағытталған жобаларға тарту тәжірибесін кеңейту

ТДМ 13: Климаттың өзгеруімен күрес; ТДМ 11: Тұрақты қалалар мен тұрғылықты пункттер

4. Студенттік өзін-өзі басқаруды демократиялық қатысу мен азаматтық жауапкершілік институты ретінде дамыту

ТДМ 16: Бейбітшілік, әділеттілік және тиімді институттар

5. Студенттердің спорттық бастамаларын қолдау және инфрақұрылым мен жаппай спортпен шұғылдануды дамыту арқылы салауатты өмір салтын насихаттау

ТДМ 3: Жақсы денсаулық пен әл-ауқат

6. Жатақханалар мен кампустың барлық территориясында инклюзивті әрі қауіпсіз білім беру ортасын құру

ТДМ 11: Тұрақты қалалар мен тұрғылықты пункттер; ТДМ 5: Жыныстық теңдік

7. Волонтерлік қызметті дамыту және студенттердің өңірлік және халықаралық әлеуметтік жобаларға қатысуын арттыру

ТДМ 17: Тұрақты даму мүддесіндегі серіктестік

Стратегиялық бағыт 4. «Институционалдық даму және кадр әлеуетін дамыту»

Тұрақты даму мақсаттарын есепке алғандағы академиялық құрамды дамыту саласындағы міндеттер:

1. Оқытушылар құрамының біліктілігін цифрлық дағдыларға, ағылшын тіліне және заманауи педагогикалық технологияларына баса назар аудара отырып арттыру

ТДМ 4: Сапалы білім ТДМ 9: Инновациялар және инфрақұрылым

2. 2026 жылға қарай ғылыми дәрежесі бар оқытушылардың үлесін 50%-ға дейін арттыру.

ТДМ 4: Сапалы білім

3. Жас мұғалімдер мен зерттеушілерге қатысты тәлімгерлік, мансаптық даму және қолдау жүйелерін дамыту.

ТДМ 5: Жыныстық теңдік; ТДМ 8: Экономикалық өсім

4. Халықаралық тағылымдамалар мен шетелдік докторантураларда оқуды қоса алғанда ПОҚ-тың академиялық мобильділігін кеңейту

ТДМ 4: Сапалы білім; ТДМ 17: Тұрақты дамуға арналған серіктестік

5. Басқармалық және ғылыми лауазымдарға арналған академиялық резерв бағдарламаларын әзірлеу және енгізу

ТДМ 8: Экономикалық өсім; ТДМ 16: Тиімді институттар

6. Оқытушылардың халықаралық ғылыми дерекқорлардағы жарияланым белсенділігін арттыру және оларды жаһандық зерттеу желілеріне тарту

ТДМ 9: Инновациялар және инфрақұрылым; ТДМ 17: Серіктестік

7. HR- процестерді автоматтандыру және оқытушылар құрамының тиімділігін жеке КРІ негізінде бағалайтын жүйені енгізу

ТДМ 16: Тиімді, есеп беретін және ашық институттар

8. Пәнаралық, MINOR және ағылшын тіліндегі оқу бағдарламаларын әзірлеу мен енгізуге ықпал ету

ТДМ 4: Сапалы білім; ТДМ 10: Теңсіздікті азайту

9. Өңірдің қажеттілігіне сәйкес кадрлық саясатты қалыптастыру мақсатында мүдделі тараптармен – бизнес, мектептер, ҰЕҰ арасындағы байланысты нығайту

ТДМ 8: Экономикалық өсім; ТДМ 11: Тұрақты қауымдастықтар

Стратегиялық бағыт 5: Сандық трансформация

Бағыт бойынша міндеттер: тұрақты даму мақсаттарын есепке ала отырып, инфрақұрылымды дамыту:

1. Арнайы білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды қоса алғанда, барлық санаттағы студенттер үшін білім беру инфрақұрылымына жалпыға бірдей және тең қолжетімділікті қамтамасыз ету

ТДМ 4: Сапалы білім ТДМ 10 – Теңсіздікті қысқарту

2. SMART технологиялар мен интерактивті жабдықтарды пайдалана отырып, оқу кеңістіктерін модернизациялау және цифрландыру

ТДМ 9 – Инфрақұрылым, индустрияландыру және инновациялар; ТДМ 4 – Сапалы білім

3. Университеттің ғылыми-зерттеу және зертханалық базасын дамыту

ТДМ 9 – Өнеркәсіп, инновациялар және инфрақұрылым; ТДМ 8 – Лайықты жұмыс және экономикалық өсім

4. Кітапханалық-ақпараттық ресурстарды кеңейту және Ақпараттық-кітапхана орталығындағы цифрлық қызметтерді күшейту

ТДМ 4 – Сапалы білім; ТДМ 16 – Тиімді институттар

5. Студенттер мен қызметкерлердің салауатты өмір салты мен физикалық белсенділіктеріне жағдай жасау

ТДМ 3 – Мықты денсаулық пен әл-ауқат; ТДМ 11 – Тұрақты қалалар мен қауымдастықтар

6. Ғимараттардың энергия тиімділігін және инфрақұрылымның климаттық өзгерістерге төзімділігін арттыру

ТДМ 7 – Қолжетімді және таза энергия; ТДМ 13 – Климаттық өзгерістерімен күрес; ТДМ 11 – Тұрақты қалалар мен қауымдастықтар

7. Студенттерге арналған тұрғын- үй инфрақұрылымын дамыту және кеңейту

ТДМ 11 – Тұрақты қалалар мен қауымдастықтар; ТДМ 1 – Кедейшілікті болдырмау

6-БӨЛІМ. БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Тәуекелдерді талдау тәуекелдерді басқару жүйесімен белгіленген критерийлерге сәйкес және «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлігінде тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және білім беру жүйесіне тексеру парақтарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 1 желтоқсандағы № 166 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы № 116 бірлескен бұйрығы негізінде жүргізілді.

Кесте 14 – Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына қатысты жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы тәуекел өлшемшарттары

№	Тәуекел критерийлері	Тәуекел деңгейі		
		Төмен	Орташа	Жоғары
1.	Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) жарғысының болуы және мазмұнының бекітілген талаптарға сәйкестігі:			
	1) іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі;	+		
	2) білім беру ұйымдарына қабылдау тәртібі;	+		
	3) білім беру процесін ұйымдастыру тәртібін (оның ішінде оқыту тілі (тілдері), білім алушылардың сабақ режимі);	+		
	4) білімдерді ағымдағы бақылау, білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттау жүйесі, оларды өткізудің нысандары және тәртібі;	+		
	5) білім алушыларды оқудан шығару негіздерін және тәртібі;	+		
	6) ақылы қызмет көрсетудің тізбесі және тәртібі;	+		
	7) білім беру ұйымының білім алушылармен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қатынастарын ресімдеу тәртібі.	+		

	Білім беру ұйымының даму стратегиясын/жоспарын/бағдарламасын, ЖЖОКБҰ басшысының және алқалы басқару органдарының функцияларын іске асыру. Тәрбие қызметі бойынша, оның ішінде патриотизмді, азаматтықты, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, сондай-ақ білім алушылардың жан-жақты мүдделері мен қабілеттерін дамыту жөніндегі міндеттерді іске асыру.	+		
2.	ЖЖОКБҰ-ның, оның ішінде жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери, арнаулы оқу орындарының (бұдан әрі – әскери, арнаулы ЖЖОКБҰ) академиялық адалдық қағидағтарын қамтамасыз етуі және сақтауы.	+		
	Білім алушылардың жазбаша бағаланатын жұмыстарының (курстық, дипломдық жұмыстар (жобалар), магистрлік диссертациялар (жобалар) және докторлық диссертациялар) және оқытушылар мен ғылыми қызметкерлердің ғылыми жұмыстарының бөтен мәтінді пайдалану нысанына тексеруден өту талаптарын сақтау, сондай-ақ мағынасын өзгертпей сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік ауыстыра отырып мәтінді пайдалану мәніне тексеру (парафразалар), соның ішінде басқа тілден аударылған мәтінді пайдалану, растайтын құжаттардың болуы.	+		
	Мемлекеттік ұлттық ғылыми-техникалық сараптама орталығының базасында бөтен мәтінді пайдалануды анықтау жүйесінде тексерілген докторлық диссертациялардың болуын қамтамасыз ету.	-		
3.	ЖЖОКБҰ кадрларды даярлау бағыты бөлінісінде бітіру жылы ішінде бітірушілерді жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ету.		+	
	ЖЖОКБҰ түлектеріне құрылған жұмыс орындарының санына мониторинг жүргізуді қамтамасыз ету.		+	
4.	Оқу нәтижелеріне, білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне, білім алушылардың даярлық деңгейіне және оқу мерзіміне бағдарлана отырып, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мазмұнына қойылатын талаптарды сақтау.	+		
5.	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің бүкіл білім беру бағдарламасы деңгейінде, сондай-ақ жекелеген модульдер немесе оқу пәні деңгейінде оқыту нәтижелерін қалыптастыру жөніндегі талаптарды сақтау.	+		
6.	Білім алушылардың кәсіптік (оқу, педагогикалық, зерттеу, өндірістік және диплом алды) практикасын ұйымдастыруға және өткізуге қойылатын талаптарды және практика базасы ретінде ұйымдарды айқындау қағидаларын сақтау.	+		
7.	Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінде (ESG-исиджи) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасын қамтамасыз ету үшін халықаралық стандарттар мен нұсқаулықтарға негізделген сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету:			
	1) жұртшылыққа қолжетімді және олардың стратегиялық менеджментінің бір бөлігі болып табылатын сапаны қамтамасыз ету жөніндегі саясаттың болуы. Сыртқы мүдделі тараптарды тарта отырып, тиісті құрылымдар мен процестер арқылы осы саясатты ішкі мүдделі тараптардың әзірлеуі және енгізуі;	+		
	2) өз бағдарламаларын әзірлеу және бекіту үшін рәсімнің болуы. Оқытудың күтілетін нәтижелерін қоса алғанда, белгіленген мақсаттарға сәйкес бағдарламаны әзірлеу. Бағдарламаны игеру нәтижесінде алынған біліктілік, жоғары білім берудегі ұлттық біліктілік құрылымының белгілі бір деңгейіне, демек, еуропалық жоғары білім беру кеңістігіндегі біліктілік құрылымына сәйкестігі, нақты анықталған және түсіндірілген болуы;	+		

	3) білім алушыларды оқу процесін бірлесіп құруда белсенді рөл атқаруға ынталандыратын тиісті білім беру бағдарламаларын әзірлеу үшін жағдайлардың болуы, ал білім алушылардың үлгерімін бағалау осы тәсілді көрсетуі;	+		
	4) студенттік "өмірлік циклдің" барлық кезеңдерін қамтитын алдын ала белгіленген және жарияланған ережелерді біркелкі қолданудың болуы: қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау;	+		
	5) өз оқытушыларының құзыреттілігін бағалаудың болуы. Өз қызметкерлерін жалдау және кәсіби өсуді дамыту кезінде әділ және ашық процестердің қолданылуы;	+		
	6) оқытуды және оқытушылық қызметті жеткілікті қаржыландырудың, барабар және оңай қолжетімді оқу ресурстарын ұсынуды қамтамасыз етудің және білім алушыларды қолдау тәсілдерінің болуы;	+		
	7) олардың білім беру бағдарламаларын және өз қызметінің басқа да бағыттарын тиімді басқару үшін тиісті ақпаратты жинайтынына, талдайтынына және пайдаланатынына кепілдіктің болуы;	+		
	8) өз қызметі (бағдарламаларды қоса алғанда) туралы ақпаратты жариялаудың болуы, анық, дәл, объективті, өзекті және қолжетімді болуы;	+		
	9) қойылған мақсаттарға қол жеткізуді және білім алушылар мен қоғамның қажеттіліктеріне сәйкестікті қамтамасыз ету үшін бағдарламаларға мониторинг және мерзімді шолу жүргізудің болуы. Шолу нәтижелері бағдарламалардың үнемі жақсаруына әкеледі. Кез келген жоспарланған қызмет немесе алынған нәтижелер барлық мүдделі тараптардың назарына жеткізілуі;	+		
	10) мерзімді негізде ESG сәйкес сапаны қамтамасыз етудің сыртқы рәсімдерінен өтудің болуы.	+		
	Білім беру бағдарламаларының мазмұны және оларды іске асыру жағдайы бойынша, бағалау саясаты және факультеттің (мектептің) өзге де академиялық мәселелер бойынша шешімдер қабылдайтын, білім беру бағдарламалары және (немесе) пәндер/модульдер сапасының сәйкес келуіне, академиялық адалдықты бұзу фактілерінің болуына білім алушылар арасында сауалнама ұйымдастыратын академиялық сапа жөніндегі кеңестін/комитеттің қызметін ұйымдастыру.	+		
8.	Кадр саясатын, қызметкерлер лауазымдарының біліктілік сипаттамаларын және қызметкерлер лауазымдарын конкурстық ауыстыру қағидаларын сақтау. Басшы кадрлардың, профессорлық-оқытушылық құрамның біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету.	+		
9.	Бекітілген ұйымдық құрылымның, құрылымдық бөлімшелер туралы ережелердің, штаттық кестенің, академиялық күнтізбенің, оқу жүктемесінің нормаларының, оқу жұмысының түрлері бойынша уақыт нормаларының және оқу жұмысының түрлері, оқыту технологиялары арасындағы сағат көлемінің арақатынасының болуы, сондай-ақ олардың ережелерінің сақталуын растайтын құжаттардың болуы.	+		
10.	Академиялық саясатын сақтау және ЖЖОКБҰ алдында тұрған міндеттерді іске асыру.	+		
	Білім алушыларды қабылдау, ауыстыру, қайта қабылдау және оқудан шығару, сондай-ақ білім алушыларға академиялық демалыс беру тәртібін сақтау.	+		
11.	Білім туралы құжаттардың мазмұнына қойылатын талаптарды, оларды есепке алу және түлектерге беру қағидаларын сақтау.	+		
	Білім туралы берілген құжаттардың, сондай-ақ дипломдық жұмыстардың (жобалардың), магистрлік диссертациялардың электрондық дерекқорының (мұрағатының) жұмыс істеуін қамтамасыз ету (электрондық дерекқорға немесе ақпараттық ресурстарға қолжетімділік)..	+		

	ЖЖОКБҰ ресми сайтында және ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органның бірыңғай ақпараттық білім беру жүйесінде тиісті ақпараттың уактылы орналастырылуын қамтамасыз ету.	+		
	Білім алуын аяқтамаған немесе қорытынды аттестаттаудан өтпеген адамдардың жеке істерін, сондай-ақ алдыңғы жылдары білім беру ұйымында оқуын аяқтаған адамдардың жеке істерін және білім туралы құжаттарының көшірмелерін тиісті мемлекеттік архивке беруді қамтамасыз ету.	+		
12.	Кредиттік оқыту технологиясының талаптарын сақтау. Білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеу рәсімін сақтау, игерілген кредиттерді есепке алу, аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру, ЖЖОКБҰ-да білім алушылардың оқу жетістіктерінің бүкіл тарихын жүргізу; әскери арнаулы ЖЖОКБҰ-да – білім беру сапасын мониторингілеу және бақылау (бағалау) бөлімшелерінің қызметі.	+		
	ЖЖОКБҰ-да оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бойынша талаптарды сақтау.	+		
	Формальды емес білім беру арқылы алынған оқу нәтижелерін тану тәртібіне қойылатын талаптарды сақтау.	+		
	Әскери, арнаулы ЖЖОКБҰ-да оқу процесін, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қызметті ұйымдастыру және жүзеге асыру талаптарын сақтау.	+		
	Әскери, арнаулы ЖЖОКБҰ-да оқу басылымдары мен оқу-әдістемелік кешендерді дайындау, сараптау, сынақтан өткізу, басып шығару және мониторинг жүргізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру талаптарын сақтау.	-		
13.	Қашықтықтан оқыту және онлайн-оқытуды ұсынатын ЖЖОКБҰ және әскери, арнаулы ЖЖОКБҰ-ның қашықтықтан оқыту және онлайн-оқытуды ұсыну жөніндегі талаптарды сақтауы, оның ішінде:			
	1) қашықтан оқытуды үздіксіз ұйымдастыру үшін ақпараттық-технологиялық инфрақұрылымның болуы: тұрақты желілік қосылыс, серверлік жабдық, деректерді сақтау жүйесі, киберқауіпсіздік жүйелері, Интернет желісіне қосылуды қамтамасыз ететін коммуникациялық байланыс арналары, білім алушылар жеке басын сәйкестендіру үшін аутентификация жүйелері, онлайн прокторингі және бөтен мәтінді пайдалану жүйесінің жұмыс жасауы;	+		
	2) білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің, оның ішінде веб-сайтты, білім беру порталын, оқытудың кредиттік технологиясын қамтамасыз етудің автоматтандырылған жүйесін, цифрлық білім беру ресурстарының жиынтығын қамтитын оқытуды басқару платформасының жұмыс істеуі;	+		
	3) ISO/IEC 27001, ISO/IEC 27002 халықаралық стандартына сәйкес әзірленген білім беру ұйымының қауіпсіздік саясаты негізінде жүйелердің ақпараттық қауіпсіздігін және деректерді қорғауды қамтамасыз ету;	+		
	4) оқу процесін цифрлық білім беру ресурстарымен қамтамасыз ету, онлайн-курстардың жұмыс істеуі (курстың құрылымдық дизайны, қалыптастырылатын оқыту нәтижелерінің картасы, бағалау жүйесінің спецификациясы, бағалау көрсеткіштері мен өлшемшарттарының сипаттамасы);			+
5) білім алушылардың оқу, анықтамалық және әдістемелік материалдар орналастырылған білім беру порталына және ақпараттық жүйелерге, сондай-ақ тестілеу жүйесіне және ашық электрондық ресурстарға, көздерге қол жеткізуін қамтамасыз ету;			+	

	6) білім беру қызметтерін көрсету бойынша цифрлық сервистердің болуын қамтамасыз ету: оқу сабақтары мен емтихандардың электрондық кестесі және білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылаудың барлық түрлері, өзін-өзі бағалау жүйесі; электрондық кітапхана; электрондық құжат айналымы, жатақханада орын алуға онлайн-тіркеу;			+	
	7) ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды қашықтықтан оқыту үшін жағдайларды қамтамасыз ету;			+	
	8) сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесіне сәйкес білім беру қызметтері сапасының мониторингі жүйесінің болуы;			+	
	9) қашықтықтан оқыту бойынша және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыруға қойылатын талаптардың сақталуын қамтамасыз ету.			+	
	Қашықтықтан оқыту бойынша және онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыруға қойылатын талаптардың сақталуын растайтын құжаттар мен шарттардың болуын қамтамасыз ету.			+	
	Ғылым және жоғары білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық білім беру жүйесімен интеграцияланған басқарудың ақпараттық жүйесінің (веб-сайтты, ақпараттық білім беру порталын, оқытудың кредиттік технологиясын қамтамасыз етудің автоматтандырылған жүйесін, ақпараттық білім беру ресурстарының жиынтығын қамтитын жоғары технологиялық ақпараттық білім беру ортасы), кең жолақты және Интернетке жоғары жылдамдықты қолжетімділігі бар тармақталған компьютерлік желінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету.			+	
14.	Ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесінде әкімшілік деректер нысандарын, берілген білім туралы құжаттар туралы мәліметтердің толықтығы, дұрыстығы және уақтылы толтырылуы.			+	
